

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 176 (9494) || 1954 жылғы 4 Сентябрь Сенбі || Шығуына 35 жыл
және саны 20 тыйын.

Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына жақсы әзірленейік

Маркстік-лениндік ілім Коммунистік партияның бүкіл совет халқының коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте күшті құрал болып табылады. Ол бізді саяси шаруашылық міндеттерді дұрыс шеше білуге, болашақты болжай білуге үйретеді.

Сондықтан Коммунистік партия коммунистердің, барлық кадрлардың маркстік-лениндік білімдерін жетілдіре беруді партия ұйымдарының маңызды міндеті етіп қойып отыр. Партиямыздың Орталық Комитетінің нұсқауын орындай отырып, облыс партия ұйымы коммунистер мен партияда жоқ кадрларымызға маркстік-лениндік тәрбие беру жөнінде игі шараларды жүзеге асыруда. Партия оқуының өткен жылында саяси мектептер мен үйірмелер сабағының идеялық мазмұнын арттыру, коммунистердің еріктілік принципінің сақтау жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілді. Кәзір партия ұйымдары өткен жылдың қорытындысында ашылған кемшіліктерді еске ала отырып, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, қаладағы шағын двигательдер заводы партия ұйымы коммунистердің тілегі мен ықпалын анықтау арқылы партия оқуы жүйесін дұрыс толықтыруда. Партия ұйымының секретары Глушенков және партия комитетінің бюро мүшелері коммунистермен жеке-жеке әңгімелесу арқылы, олардың тілектерін анықтады, қажетті кеңес берді. Мұнда партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен үйренушілер бұрынғыдан анағұрлым артқалы отыр. Саяси білімдері кем коммунистер үшін СОКП тарихын үйренетін негізгі типті бір үйірме ұйымдастыру ұйғарылды. Үйірме жетекшісі болып партия насихатынан тәжірибесі мол, коммунист Архирейский жолдас белгіленді. Маркстік теорияны өздігінен үйренушілерге көмек көрсету үшін лекторлар тобы ұйымдастырылып, консультанттар тағайындалды. Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына жан-жақты әзірленіп жатқан мұндай партия ұйымдары аз емес.

Алайда, коммунистердің оқуын ұйымдастыруда көп жерлерде формальдықа жол беріліп отыр. Кейбір партия ұйымдары партия оқуы жүйесінің жаңа оқу жылына әзірленгенде коммунистердің тілектері мен ықпалдарын ескермей, олардың оқу формасын сырттан белгілейді.

құралдың, «БҚ(б)П тарихының қысқаша курсы» көлемінде маркстік-лениндік білім алу үшін насихатшылардың көмегін қажет етеді. Өткен жылғы бірқатар партия ұйымдары өз мүмкіншіліктерімен санаспай, жоғарғы типті үйірме ұйымдастыруға әуестеніп, онда сабақтың мазмұнды болуын қамтамасыз ете алмады. Жаңа оқу жылында бұл қателікті болдырмау керек. Жоғарғы типті үйірмелерді тек теориялық даярлығы жеткілікті насихатшылар бар жерлерде ғана ұйымдастыруға болады.


Өткен жылға қарағанда, партия оқуының жаңа оқу жылында марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренушілердің саны еселеп артқалы отыр. Мұның өзі партия ұйымдарынан өздігінен үйренушілердің оқуына көмекті мейлінше жақсартуды талап етеді. Партия ұйымдары өздігінен үйренушілерге көмекті жақсарту үшін кәзірден бастап лекциялар, консультациялар, семинарлар, теориялық әңгімелер ұйымдастыруға әзірлік жұмыстарын кеңінен жүргізуге міндетті.

Аудандық, қалалық партия комитеттері кешкі партия мектептерін ұйымдастыруда өткен жылдың кемшіліктеріне жол бермеуге тиіс. Кешкі партия мектептерінде партия, совет, шаруашылық активтері, ауыл шаруашылығы мамандары мен инженер-техник қызметкерлердің оқуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, жаңа оқу жылында басшы партия, совет қызметкерлері үшін арнаулы семинарлар ұйымдастырылуына, ол қызметкерлердің социалистік ауыл шаруашылығының, өнеркәсіп пен транспорт мәселелерін терең үйренулеріне жетісу қажет.

Жаңа оқу жылында марксизм-ленинизм кешкі университетінде оқу жөнінде коммунистерден қалалық партия комитетіне көптеген өтініштер түсуде. Бірақ, олардың ішінде басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінен түскен өтініштердің саны мүлдем аз. Қалалық партия комитеті мен бастаушы партия ұйымдары университетте негізінен ортадан, жоғары және жоғары дәрежелі білімдері бар басшы қызметкерлердің оқуы үшін қажетті шараларды күні бұрын жүзеге асыруға тиіс.

Насихатшы партия оқуындағы негізгі тұлға екені мәлім. Жаңа оқу жылында үйірмелер мен саяси мектептердің саны анағұрлым кем болмақ. Мұның өзі партия

Егін жыйнау, астық дайындау қарқыны еселеп арттырылсын



Петропавл элеваторында жұмыстың барлық процестері механикалық жолмен атқарылады. Суретте: астықты транспортермен қоймаға құю. Суретті түсірген: А. Розенштейн.

Елімізде астық қорын молайта береміз

Елімізде астық қорларын арттыру едәуір дәрежеде егінді қысқа мерзімде және мейрамын жыйнап алуға байланысты. Сондықтан да біздің бөліміміздің коллективі егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын алғашқы күннен бастап, ұйымшылдықпен қызу жүргізіп келеді.

Егінді ысырапсыз жыйнауда, әсіресе комбайншылар өзара социалистік жарысты өрістете отырып, жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр. Мәселен, социалистік жарыстың үздік озаттары комбайншы М. Чупрасов, А. Кнор жолдастардың әрқайсысының өнімді пайдалануға жұмылдыра

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушыларға награда тапсырудың тәртібі (1-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ҚАРҚЫНЫ ЕСЕЛЕП АРТТЫРЫЛСЫН: Г. Комаров. —Елімізде астық қорын молайта береміз М. Мусин. —Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының қарқыны баяу. А. Волощенко. — Бізге жауын бөгет емес (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: Ж. Қыйлыбаев. — Аудан партия ұйымының әзірлігі. А. Поляева. — Тігіншілердің жарысы (2-бет).

В. Нуприн. —Қазақстанда егін жыйнаудың шешуші күндері (2-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ: «Солтүстік Кавказ» павильонының залдарында (2-бет).

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МОЛ ӨНІМДІ, ТАБЫСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚқа АЙНАЛДЫРАЙЫҚ: Т. Кәдіров. —Мал шаруашылығының өркендеуі —колхоз байлығын арттыруда. З. Қасенов. —Қоғамдық мал үшін қамқорлық (3-бет).

Ә. Сүлейменов. —Бақытқа бөленген бөбектер (3-бет).

А. Маметов. —Үлгілі оқу үйінде (3-бет).

Село физкультуралықтарының Бүкілқазақстандық спартакиадасы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Бізге жауын бөгет емес

Біздің колхоздың колхозшылары Ново-Георгиев МТС-нің механизаторлары мен жұмысты тығыз ынтымақта істей отырып, соңғы жылдары егіншіліктің мәдениетін арттыруда айтарлықтай табыстарға ие болуда. Колхозда жыл сайын бітік егін өсіріліп, ысырапсыз жыйналып келеді. Мұның өзі колхоздың экономикасы нығаюына, колхозшылардың әл-ауқат мәдени дәрежесі жақсаруына қолайлы жағдай жасауда. Өткен жылы колхоздың жалпы табысы миллион сомнан асты. Мұның көпшілігі егін шаруашылығынан кірген кіріс.

Колхозшылар және механизаторлар быыл да бітік егін өсірді. Дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 13 центнерден, ал, мол өнімді учасктортерегі егіннің гектарынан 20 центнерден өнім алынуда.

Бізге бітік өсірілген егін ысырапсыз жыйналып келеді. Бұл әрине, комбайншылардың қажырлы еңбек етулерінің нәтижесі. Комбайншы Ф. Тихонов жолдас «Сталинец-6» комбайнымен бір күнде 30 гектарға дейін егін жыйнайды. Мұның комбайнын сүйрейдің тракторшы Ткаченко жолдас әр уақытта тракторын техникалық күтімде ұстап, оның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Комбайншылар Коровельников, Чидиә жолдастар да жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр.

Рас, егін жыйнаудың алғашқы күндерінде бізде елеулі кемшіліктер болды. Бастырылған астық тазартылмай, қырмада 2 мың центнерге дейін үйіліп қалды. Бұл МТС басшыларының кінәсінен болған іс. Олар колхозға бөлінген 2 «ВИМ» астық тазартқышының кейінде жонделуін қамтамасыз етпеді. Осыдан барды да астық уақытылы тазартылмады. Бірақ, біз бұл кемшілікті үзілді-кесілді жойдық. Астық тазартқыштар келгеннен кейін қырмада жұмыс тәулік бойы тоқтаусыз ұйымдастырылды. Демек, барлық жұмыс негізінен механикаландырылды. Қырмадағы жұмыстарда әсіресе, колхозшылар И. Яровенко, М. Рыбалкина, В. Карпенко, В. Павелкина жолдастар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Бастырылған астықтың мемлекетке тап-

Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының қарқыны баяу

Чапаев атындағы колхозда (Октябрь ауданы) егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын қысқа мерзімде өткізуге әсеректі мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Мұнда егін жыйнау жұмысы негізінен механикаландырылған. Колхозда Коновалов МТС-нің 6 комбайны жұмыс істейді. Бұлармен күн сайын кемінде 100 гектардан егін жыйнауға болады. Бірақ, амал не, колхоз басшылары қолда бар күш-мүмкіншіліктерді комбайн агрегаттарының қуатын өнімді пайдалануға жұмылдыра

тапсырмаларды үнемі орындай алмай келеді. Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының басталғанына бір айдан астам уақыт өткеніне қарамастан, бұл колхоз мемлекеттік дайындау пункттеріне небары 450 центнердей ғана астық тапсырды.

Ауыл шаруашылығындағы аса жауапты жұмыс—егін жыйнау мен астық дайындаудың мұншама қанағаттанғысыз жүргізілуінің тағы бір себебі—колхоз партия ұйымының елшілер арасындағы

кел бұрмалау болып табылады. Мұндай жағдай Совет ауданының «Победа» колхозы, Шағлы МТС-і, қаладағы облыстық еңбек резервтері басқармасы партия ұйымдарынан кездесті. Аталған партия ұйымдарының секретарьлары Сергиенко, Павлюк және Веретенников жолдастар коммунистермен әңгімелесуді қайысыншып, олардың бәрін де, «бір қауызға сыйғызып» өздігінен үйренушілердің, немесе үйірмеде оқушылардың тізіміне жаза салған. Мұндай жарамсыз практикаға тыйым салынуы қажет.

Партия оқуының жаңа оқу жылына әзірліктегі тағы бір кемшілік сол—кейбір партия ұйымының секретарьлары еріктілік принципін дұрыс түсінбей, коммунистерді партия оқуынан жаншай босата бастаған. Петропавл ет-консерв комбинаты партия бюросының секретары Филимонов жолдас 60-тан астам коммунистерді партия оқуынан босатқан. Олардың бірқатары өздерінің саяси білімдерін көтеруге мүмкіндіктері жоқ коммунистер. Бұл дұрыс емес. Партия оқуынан жасы асқан қарт немесе мүдектікті, аурудығы келергі келтіретін коммунистер ғана босатылуға тиіс. Асыра елтеушілік іске зыян келтіреді. Партия ұйымдары СОБН Уставы партия мүшелерін өздерінің идеялық-саяси білімдерін арттырып отыруға міндеттейтін терең түсіндірулері керек.

Партия оқуы үстірттікті, формальдықты көтермейді. Коммунистердің оқуын ұйымдастыру үшін еріктілік принципін қатаң сақтай отырып, коммунистердің білім дәрежелерін еске алу, оларға өздерінің саяси білімдерін көтеру жөнінде кеңес беру қажет. Саяси білім минимум жоқ коммунистер үшін саяси мектептер мен СОБН тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелер ұйымдастырған жөн. Өйткені, мұндай коммунистер «саяси мектептердің тыңдаушыларына көмек» деген

ды теориялық даярлықтары жеткілікті, тәжірибелері мол коммунистер есебінен олықтыруға мүмкіндік береді. Совет аудандық партия комитеті насихатшы кадрларды орта және жоғары дәрежелі білімдері бар коммунистер есебінен іріктеп алады. Мұндай мүмкіндіктер әрбір ауданда бар.

Насихатшы кадрларды іріктеп алумен жұмыс бітпейді. Олармен үнемі жұмыс істеп, теориялық білімдерін және методикалық шеберліктерін арттырып отыру қажет. Бұл мақсатты орындаудағы бағыт шарттың бірі—насихатшылардың семинарларын дұрыс ұйымдастыру болып табылады.

Партия оқуына жан-жақты әзірленуде, қалалық, аудандық партия комитеттерінің кітапханалары зор роль атқарады. Партия комитеттерінің кітапханалары лекциялық және анықтама-библиографиялық жұмысты, жеке, топтық, көшпелі консультациялар ұйымдастыру мәселелеріне тыңғылықты әзірленіп, партия насихатының орталығына айналуы керек.

Коммунистердің оқуына әзірлік жұмысы партия қызметкерлерінің ұйымдастыру және түсінік жұмыстарын күшейтуді қажет етеді. Алайда, кейбір аудандарда аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі топ қызметкерлерінің түрлі бөгде себептерді бетке ұстап, партия оқуына әзірлік мәселесімен жеткіліксіз шұғылданатыны байқалады. Кадрларды саяси тәрбиелеу партия қызметкерлерінің қасиетті борышы екенін ұмытуға болмайды. Партия комитеттерінің топ қызметкерлері партия оқуын ұйымдастыру жөнінде бастаушы партия ұйымдарына қажетті көмек көрсетулері керек.

Коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың саяси білімдерін жетілдіре беру үшін, партия оқуының жаңа оқу жылына жаңсы әзірленейік!

С. В. Образцовқа ССРО халық артисі деген құрметті атақ беру туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Совет театр искусствосы саласындағы аса көрнекті жетістіктері үшін Мемлекеттік орталық қуыршақ театрының бас режиссері және директоры Сергей Владимирович Образцовқа ССРО халық артисі деген құрметті атақ берілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль. 2 сентябрь, 1954 жыл.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушыларға награда тапсырудың тәртібі

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің бас комитеті көрмеге қатысушы ауыл шаруашылығының озаттарына наградалар мен сыйлықтар тапсырудың тәртібін белгіледі.

Көрмеге қатысушыларға медальдар, сол сияқты, дипломдар, анықтамалар мен құдіктер жергілікті жерлерде—ауыл шаруашылығы озаттарының республикалық, өлкелік, облыстық кеңестерінде және аудан орталықтарында немесе тікелей колхоздарда, МТС-терде және совхоздарда тапсырылатын болады.

Алыстағы аудандардан (Сахалин, Камчатка, Якут АССР, Тува автономиялық

облысы және қызыл солтүстік аудандары) келген Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар құдіктер мен медальдарды Москвада алады.

Автомашиналар, мотоциклдер, велосипедтер, тігін машиналары, радио қабылдағыштар және басқа заттай сыйлықтар сыйлық берілетін көрмеге қатысушылардың адресстеріне—тікелей колхоздарға, совхоздарға және машина-трактор станцияларына жіберіледі. Барлық сыйлықтарға (сағаттардан басқа) «1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің сыйлығы» деген сөздер жазылады.

(СОТА).

нымен күн сайын 35 гектар егін жыйнап, әрбір гектардан 11—12 центнерден астық бастыруда. Сол сияқты, бөлімшедегі басқа комбайншылар да күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді. Бізде әрбір комбайн агрегатына бункерден астық алу үшін арнаулы жүк автомашиналары бөлінген. Ол автомашиналардың шоферлары өз жұмыстарына жауаптылықпен қарап, комбайндардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде.

Соңғы бірнеше күндер бойы жауын-шашын жиі болып тұр. Бірақ, ауа райының мұндай қолайсыз жағдайы комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне бөгет жасай алған жоқ. Комбайншылар жауынның ара-арасындағы күннің ашығын және ауа райы ашық болған жағдайда түнде тоқсаусыз жұмыс істейді. Міне осылардың нәтижесінде бөлімше график бойынша күн сайын 252 гектар егін жыйнаудың орнына, 280—300 гектар егін жыйнап келеді.

Комбайншылардың өнімді жұмыс істеуінің нәтижесінде қырманға күн сайын мыңдаған центнер астық түсіп жатады. Астықты қырманда тазарту, кептіру және мемлекеттік дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарына бөлінген жұмысшылар еңбекті екі сменада күні-түні бірдей істеуде. Астық тазартуда Борисенко жолдас басқаратын звено мүшелері 3 зернопультпен және механикаландырылған бір үлкен вейлжамен смена сайын 500 центнердің орнына, 800 центнер, кейде одан да көп астық тазартады. Сол сияқты Калашников жолдас басқаратын звено мүшелері де смена сайын 750—800 центнерден астық тазартып жүр. Астық тазартуға басқа да машиналар өнімді пайдаланылады. Осының нәтижесінде бөлімшеде күн сайын кемінде 2500 центнер астық тазартылуы қамтамасыз етіліп отыр.

Ауа райының кәзіргі өте қолайсыздығы астықты кептіру жұмысын үлгілі ұйымдастыруды талап етеді. Мұны түсіне білген біздің бөлімшенің егіншілері «КУЗБАСС» типті астық кептіргіш машинаны жұмысқа өнімді пайдаланып келеді. Бұл машинамен тәулігіне 500—550 центнерден астық кептіріледі. «КУЗБАСС» астық кептіргіштің машинисі Л. Гаар жолдас машинаның тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісу арқылы күндіз тапсырмасын үнемі екі еседен орындайды.

Дайындау пункттеріне бөлімше қырмандарынан 25 машинамен астық тасылады. Егін жыйнау, бастырылған астықты тазарту, кептіру жұмыстарының ұйымшылдықпен жүргізілуінің нәтижесінде бұл машиналармен тәулігіне 1500—1700 центнер астық дайындау пункттеріне жеткізіліп отырылады.

Біз егін жыйнау мен астық дайындау жұмысының қарқынын бұдан былай да күшейте отырып, бұл жұмыстарды 10 сентябрьге дейін аяқтауды ұйғарып отырмыз. Бұған бізде мүмкіншілік жеткілікті.

Г. КОМАРОВ,

Ұзынкөл совхозы, № 2 бөлімшесінің меңгерушісі.

Аман отыр. Колхоз председателі Барысханов жолдас комбайн агрегаттарын қамтуды қамтамасыз етпеген. Осының салдарынан агрегаттарға су, жанар және жағар майлар уақытылы жеткізілмейді. Комбайн бункерінен астық алуға машина, көлік жеткіліксіз бөлінген. Комбайншылар бункердің астыққа толығы қалуы себепті комбайннан астық алушылардың келуін күтіп, уақыттың көбін босқа өткізеді. Тіпті, кейбір күндері бункерден астық алатын машиналардың басқа жұмысқа жіберілуінің салдарынан комбайндар тәулік бойына, кейде одан да көп уақытқа жұмыстан тоқтатылады.

Міне, комбайн агрегаттарының қуатын өнімді пайдалануды ұйымдастыру жұмысы осынауа бетімен жіберілуінен өткен бескүндікте комбайншы Сахаров, Куликов жолдастардың агрегаттары небары 12-36 гектар ғана егін жыйнады.

Колхоз басшылары қырманға түскен астықты тазарту, кептіру және дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарын да қанағаттанғысыз ұйымдастырып отыр. Кәзіргі өзінде қырманда мыңдаған шұт тазартылмаған және кептірілмеген астық жатыр. Осыған қарамастан колхоз басшылары қолда бар астық тазартқыштарды өнімді пайдаланудың шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз етпейді. Олар тазартылған астықтың сапасын тексерместен, дайындау пункттеріне жөнелте салады. Мұның өзі астықтың тазартылу, кептірілу сапасының төмен болуына, дайындау пункттерінің бұл астықты қабылдамай колхозға кері қайтарып жіберуіне әкеліп соғып жүр. Астықты тазарту, кептіру жұмыстарының нашар жүргізілуінен колхоз астық тапсыру жөніндегі бескүндік

Егін ору 15 сентябрьде аяқталады

Чапаев атындағы колхоздың колхозшылары ауа райының қолайсыздығына қарамастан егін ору және астық дайындау жұмыстарының қарқынын күшейте түседі. Бешегі күні мұнда жауынға қарамастан комбайн агрегаттары егін жыйнауға қатыстырылды.

Комбайншы М. Шаров жолдас өзінің қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсті. Ол бұл күні 18 гектар егін жыйнап, егіннің әрбір гектарынан 14 центнерден астық бастырды. Комбайнның өнімді жұмыс істеуін агрегат мүшелерінің өз міндеттеріне жауаптылықпен қарауларының нәтижесі деп түсіну керек. Комбайнды сүйрейтін трактордың тракторшысы Ф. Гринин жолдас тракторды тоқтаусыз жүргізіп, комбайнның егін оруда жақсы көрсеткішке ие болуына жетісті.

Колхозда астықты тазарту және мемлекетке тапсыру жұмыстары да тыңғылықты ұйымдастырылған. Қырманда астық тазарту тәулік бойы жүргізіліп келеді. Колхозшылардың біраз бөлегі астық тазартқыштарда жұмыс істесе, енді екінші бір бөлегі тазартылған астықты күрекпен шеддетіп кептіреді. Мұның өзі колхоздың жауынды күндері де астық дайындауға мүмкіндік беріп отыр.

Жолдың саз болуы себепті автомобильдердің пунктте астық жеткізуі өте қы-

партиялық-ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарының дәрежесін төзгісіз төмендетіп алуынан болып отыр. Егіншілер арасында үнемі жұмыс істейтін үгітшілер жоқ. Партия ұйымының секретары Әлімжанов жолдас үгіт-бұқаралық жұмыстарды жолға қоюға, озат егіншілердің іс тәжірибелерін кеңінен тарату арқылы колхозшыларды өнімді еңбек етуге жігерлендіруге басшылық етуден тысқары қалып келеді.

Чапаев атындағы колхоз басшыларының қолда бар жұмыс мүмкіншілікті тиімді пайдалануды ұйымдастыра алмауы салдарынан мұнда егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының нашар жүргізіліп отырғанын аудан басшылары да, МТС басшылары да жақсы біледі. Бірақ, не пайда, олар істе орын алып отырған кемшіліктерді жою жөнінде колхоз басшыларына қатаң талап қоймайды. Аудан МТС басшылары колхозға келгенде жұмысты жақсартуға практикалық көмек көрсетпейді. Егін жыйнау мен астық дайындау жұмысын жақсарту жөніндегі механизаторлар мен колхозшылар тарапынан қойылған орынды талаптарға құлақ аспайды.

Егін жыйнау мен астық дайындау ұзаққа созуды көтермейтін маусымды жұмыс. Сондықтан бұл жұмысты қысқа мерзімде, жоғары сапада өткізу үшін қолда бар мүмкіншіліктерді іске толық және өнімді пайдалану бүтін таңдағы басты міндет. Чапаев атындағы колхоздың басшылары өздерінің ұйымдастыру, басшылық ету жұмысын осы міндеттер дәрежесінде жүргізулері керек.

М. МУСИН.

сыру қызу қарқымен жүргізілуде. Астық тасыйтын автомобильдер бұл іске тәулік бойы қатысады. Шоферлар С. Захаров, В. Сахаров жолдастар қабылдау пунктіне тәулігіне төрт рет қатынап, 120 центнерден астық жеткізеді. Колхоз күн сайын мемлекетке 400—500 центнерге дейін астық өткізеді.

Біз 15 сентябрьге дейін мемлекетке міндетті астық тапсыру және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын толық орындап шығамыз. Колхозшылар бұдан басқа мемлекеттік сауда орындарына 7 мың центнер астық сатуға міндеттеніп отыр. Мұның өзінен ғана колхоз 840 мың сом табыс алады.

Колхозшылар астық тазарту және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын жауынды күндері де жүргізіп келеді. Астық жабық қырманда тазартылады, содан кейін механикаландырылған астық кептіргіште кептіріледі.

Біздің колхоздың колхозшылары және МТС механизаторлары өткен жылдарындай быыл да егінді ысырапсыз жыйнап алады. Бұл міндетті орындауда жауын бізге бөгет емес.

А. ВОЛОЩЕНКО,

Полудень ауданы, «Прогресс» колхозының председателі.

ЖАСТАРДЫҢ ТАБЫСЫ

БУЛАЕВО. (Өз тілшіміз). Жданов атындағы совхоздың коллективі тың және тыйқанған жерлерді жыртуда техника күшінің өнімді пайдалана отырып, бұл жұмыста орасан зор табысқа ие болды. Совхозда тың көтерудің жоспары мерзімінен бұрын артық орындалды.

Тың көтеруде Утин жолдасының басқаруындағы комсомол-жастардан ұйымдастырылған трактор бригадасының мүшелері еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Рас, совхоздың жаңа ұйымдастырылуына байланысты жер жыртуда, жыртылған жерді жұмыстауда елеулі қиыншылықтар кездесті. Бірақ, жастар еңбекте бір-біріне көмектесу арқылы ол қиыншылықтарды жеңді. Сөйтіп, бригадада тың көтеру жоспарының біржарым есе орындалуын қамтамасыз етті. Мұнда 15 аттық күші бар әр трактормен 365 гектар орнына, 552 гектар жер жұмысталды. Бригадада жұмысталған жер 9635 гектардан асады.

Бригадада, әсіресе, тракторшы В. Боронцев жолдас жоғары көрсеткішке ие болды. Ол «С—80» тракторымен өз сменасында 700 гектар тың жыртып, 1000 гектардай жыртылған тыңды дөңселеді және көктемде 275 гектар жерге тұқым сеңті.

Бригададағы комсомол ұйымының секретары Куприянов жолдас та трактор қуатын дала жұмыстарына пайдалануда еңбек үлгісін көрсете білді. Ол өз сменасында 1000 гектар жер жұмыстады.

Жастар бригадасы жоспардан тыс тың көтеру жұмысын әлі де жүргізуде.

Б. ЖАҚЫПОВ,

йынға соқты. Колхоз басқармасы астық дайындауды тоқтатау мақсатымен бұл іске 19 көлік бөлді. Бұл көліктер мен екі күнде мемлекетке 180 центнер астық тапсырылды.

Кәзіргі уақытта колхоз дайындау пунктіне барлығы 9 мың пұтқа жуық астық өткізді. Колхоз әлі де мемлекетке 4 мың центнерге жуық астық өткізуге тиіс. Олар бұл жұмыстың 15 сентябрьге дейін толық аяқталуына жетіспек.

Колхоз шеберлері де астық дайындау жұмысына өздерінің қолтабыстарын тигізуде. Олар колхозда жабайы астық кептіргіш орнатуды өз міндеттеріне алып, бұл іске кірісті. Бұл жұмыс бір-екі күннің ішінде аяқталмақ. Онымен тәулігіне 200—300 центнер астық кептіріледі.

Чапаев атындағы колхоздың колхозшылары егіннің қысқа мерзімде жыйналуы астық өндірісін шұғыл өркендету күресінде шешуші роль атқаратындығын, колхоздың экономикасын нығайтуға келеді үлес қосатындығын жақсы түсінген. Сондықтан да олар егін жыйнау мен астық дайындауды 15 сентябрьге дейін аяқтауға міндеттеніп, оны аброймен орындап шығу үшін қажырлы еңбек етіп жүр.

Ш. ҚАБЫКЕЕВ,

Петропавл ауданы, Чапаев атындағы колхоз.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымы не үшін сыналды

Мекеме партия ұйымы қызметкерлерді еңбек тәртібін қатаң сақтау, сын мен өзара сынды жөнінен өрістету рухында тәрбиелеп, жұмыстың кеңсінділік- бюрократтық әдісіне қарсы қатаң күрес жүргізуге тиіс. Облыстық финан бөлімінің коммунистері партия бюросының бір жылдық жұмысы туралы есепті талқылауға, міне, осы тұрғыдан қарады.

Партия бюросының секретары Чубарова жолдастың баяндамасы коммунистерді қанағаттандырмады. Жарысөзде сөз сөйлеуші жолдастар, әресе, Мулькин, Тайболатов, Малдыбаев жолдастар партия бюросының жұмысындағы орын теуіп келген елеулі кемшіліктерді батыл ашып, финан қызметкерлері арасындағы партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Партия жыйналымы — коммунистердің тәрбие мектебі. Бірақ, мұны Чубарова және бюро мүшелері естен шығарған. Бір жылда не бары алты-ақ рет партия жыйналымы өтуін, оларға коммунистердің толық қатыспауын тек осымен түсіндіруге болады. Партия жыйналыстарында тек жоғарғы партия органдары ұсынған мәселелер ғана талқыланып, коллективтің өміріндегі еңбек тәртібі, еңбекшілердің шағымдарының жайы сыяқты көкейкесті мәселелер ұмыт қалған.

Партия ұйымының партияда жоқ қызметкерлермен байланысын нығайтып, олардың қызметтері мен қажеттерін кезінде біліп отыруы басты міндеттің бірі. Бұл жөнінде ашық партия жыйналысын жиі өткізудің маңызы зор. Алайда, партия ұйымы жыл бойы бірде-бір рет ашық партия жыйналысын өткізуді ескермеді.

Кейбір коммунистер өздерінің саяси білімдерін толықтыру мәселелеріне немқетті қарап келді. Мәселен, Камелягин, Вафин сыяқты жолдастар өткен жылы үйірменің сабағына толық қатыспады.

Ұйымда партиялық-саяси жұмыстың жеткіліксіз жүргізілуі кейбір коммунистердің партиялық тәртіпті бұрмалануына әкеліп соққан. Коммунистер Уәлиев, аудандарда болғанда төменгі қызметкерлердің қамысына тиіп, беделін кемітті. Осы сыяқты, Иванчикін бірнеше рет маскүнемдікке салынып, адамгершілік қасиеттен айрылған.

Коммунистер облыстық финан бөлімдерінің жұмысында әлі де болса қатаң бастылықтың орын алып отырғанын айтты. Бюджет бөлімінің меңгерушісі коммунист Тілегенов жолдас бюджеттің кезінде орындалуы үшін оперативті басшылық жасамайды. Осы күнге дейін тексеріс жүргізілген 9 ауданнан финан жұмысының жайы жөнінде толық мәліметтер алынбай отыр.

Облыстық финан бөлімінде кадрларды іріктеп алу жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Кейде қызметкерлер саяси сапасы мен істегі қабілеттілігіне қарай қабылданбайды. Ленин ауданында Кавальчук деген селолық Советтің секретары

Аудан партия ұйымының әзірлігі

Совет ауданының партия ұйымдары партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына жан-жақты әзірленуде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Бұл жұмыста партия ұйымдары өткен жылдың кемшіліктері мен қателіктерін қайталамау мәселесіне баса назар аударып отыр.

Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен арнаулы семинар өткізіп, онда коммунистердің еріктілік принципі қатаң сақтау, сөйтіп, партия оқуын дұрыс ұйымдастыру жөнінде мәселе талқылады. Семинардан кейін бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары коммунистермен топтық және жеке әңгімелер өткізіп, олардың тілектері мен білім дәрежелерін еске ала отырып, үйірмелер мен саяси мектептердің, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілердің құрамын белгіледі. Өткен жылға қарағанда, жаңа оқу жылында партияның тарихы мен теориясын өздігінен үйренушілердің саны үш есе көбейді. Сол сыяқты, ауданның партия, совет активтерінің басым көпшілігі кешкі партия мектебінде және арнаулы семинарда оқымақ. Көптеген коммунистер өздерінің жалпы білімдерін толықтыру мақсатымен жоғары және орта дәрежелі оқу орындарында, селолық жастардың кешкі мектептерінде оқу жөнінде тілек білдірді. Мәселен, бйыл жоғары және орта дәрежелі мектептерде 50 адам, селолық жастар мектептерінде 77 адам, сауаттандыру мектептерінде 87 адам оқымақ.

Партия оқуының мазмұнды ұйымдастырылуы насихатшылар құрамына байланысты екені мәлім. Осыны ескере отырып, аудандық партия комитеті саяси мектептер мен үйірме насихатшыларының құрамын орта және жоғары дәрежелі білімдері бар, партия насихатына тәжірибелері мол коммунистер есебінен толықтырды.

Аудандық партия комитеті осы айдың алғашқы жартысында саяси мектептер мен үйірме насихатшыларының семинарын өткізіп оқу программасының күрделі тақырыптары жөнінде методикалық нұсқаулар беру үшін әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Семинарда методикалық лекциялар оқылып, партия насихатының тәжірибелері ауыстырылады, насихатшылар ауданның, облыстың алдында тұрған саяси шаруашылық міндеттермен таныстырылады.

ҚКП аудандық комитеті штаттан тыс лекторлар мен консультанттардың құрамын іріктеп алып, өзіндік бюро мәжлісінде бекітті. Штаттан тыс лекторлар мен консультанттар теориялық даярлығы жеткілікті басшы партия, совет қызметкерлері. Мәселен, олардың құрамында жоғары және ортадан жоғары білімдері бар аудандық партия комитетінің секретары Козин, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Тілеужанов, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Харольский жолдастар енді.

Насихатшылардың семинарлары мен өздігінен үйренушілер үшін оқылатын лекциялардың тақырыптары күнібұрын белгіленіп, ол лекцияларды дайындау жөнінде лекторларға тапсырмалар берілді. Дайындалып жатқан лекциялардың ішінде «Советтік әдебиет пен искусствоның еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі ролі», «Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету халық тұтынатын товарлардың өндірісін ұлғайту жөніндегі шаралары», «Халық бұқарасының тарихтағы ролі» деген тақырыптар бар.

Солдай бола тұрса да, аудан партия ұйымының жаңа оқу жылына әзірлігінде елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары партия оқуында еріктілік принципі әлі де жете түсінбей жүрген көрінеді. Мұндай кемшіліктің орын тебуі аудандық партия комитетінің жаңа оқу жылына әзірлікті кеш бастауынан болып отырғанын атап айта кетуіміз қажет. Сондықтан кейбір жерлерде коммунистердің тілектерімен, білім дәрежелерімен санаспай, үстірттікке салынушылық бар.

«Победа» колхозы партия ұйымының секретары Сергиенко жолдас коммунистермен алдын-ала кеңесіп, олардың бәрін де өздігінен оқушылардың тізіміне жазып қойған. Ұйымның есебінде тұратын коммунистердің білімдері әртүрлі. Мәселен, колхозшы коммунистер Сергиенко, Гоц жолдастардың екі кластық білімдері бар. Оларға маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйрену өте қиын емес пе? Жоғарыда аталған коммунистердің сауаттандыру мектептерінде оқығаны жөн.

Шағлы МТС-і партия ұйымының секретары Павлюк жолдас коммунистердің білім дәрежелерін жете білмейді. Ол коммунистермен кеңесуді машақат көріп бірқатар жолдастарды, соның ішінде жасы асқан қарт коммунистерді өздігінен оқушылардың қатарына қосқан.

Айта кету қажет, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлері партия оқуына әзірлік мәселесімен жете шұғылданбайды. Олар, әресе, аудандық партия комитетінің Шағлы МТС-і аймағы жөніндегі секретары Бигөжин жолдас партия оқуын ұйымдастыру тек насихат және үгіт бөлімінің міндеті деп қате түсініп, өздерінің қасиетті борышын орындаудан тыс қалған.

Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына тыңғылықты әзірлену, сөйтіп, коммунистер мен партияда жоқтардың маркстік-лениндік білім дәрежелерін онан әрі арттыра беру — партия ұйымдарының бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірінен саналады.

Ж. ҚЫЙЛЫБАЕВ,

Қазақстан КП облыстық комитетінің нұсқаушысы.



Булаев совхозында трактор бригадалары мәдениетті қамтылады. Онда әрбір трактор бригадасында душ орнатылған.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мінсіз сапалы өнім беретін және жоғары еңбек өнімділігіне жеткен бригадалар

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семейдің шұғыл фабрикасының коллективі сегіз айлық өндіріс жоспарын қала кәсіпорындарында бірінші болып мерзімінен бұрын орындады.

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, өнімнің сапасын жақсарту жолындағы жарыста тоқу цехындағы Холмогоров басқарған бригада мен бояу цехындағы Пивоварова басқарған бригада жақсы табыстарға жетті. Олар бүкіл өнімді тек қана бірінші сортпен шығаруды, бүкілөндіріс социалистік жарыстың бірінші тоқсандығы қорытындылары бойынша оларға мінсіз сапалы өнім беретін және жоғары еңбек өнімділігіне жеткен бригадалар деген құрметті атақ берілді.

Кәсіпорын коллективі айдың аяғына дейін сегіз айлық жоспарға қосымша 400 мың сомның өнімін шығаруға міндеттенді.

Металлургия өнеркәсібі үшін

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Талдықорған аудандық тұтынушылар одағының дайындау контролесі металл сынығын жыйнаудың сегіз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Қаратал аудандық селолық тұтынушылар қоғамы председателінің орынбасары Петруж жолдас металлургия өнеркәсібіне арнап шикізат дайындау жұмысын жақсы ұйымдастырды. Қаратал селолық тұтынушылар қоғамы металл жыйнаудың жылдық жоспарын орындады.

Қаратал, Панфилов және 28 гвардияшылар аймағында ахтанардың көптеген

Қазақстанда егін жыйнаудың шешуші күндері

„Правданың“ Қазақ ССР-дегі тілшісінен

Қазақстанның партия ұйымдары, республиканың ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілері көктемде дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. Мұнда 6,5 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер игерілді. Оның біржарым миллион гектарына дәнді дақылдар, негізінен алғанда бидай егілді. Осының нәтижесінде егін жыйнау көлемі өткен жылдағымен салыстырғанда 20 процент артты. Республикада 94 жаңа совхоз құрылды. Ал, таяудағы жылдар ішінде тағы да кемінде 300 совхоз құрылады.

Барлық жерде бірдей дерлік, көне аңыздарда да, тың жерлерде де егіннен мол өнім өсірілді. Республиканың ең ірі аудандарының бірі, тың жер бөрінен де көп жыртылған — Ақмола облысының Есіл ауданында колхоздар мен совхоздар жаңа жерлерде астықтың гектарынан орта есеппен 15 центнерден өнім жыйнауда. Қостанай облысының Викторов МТС-нің аймағындағы колхоздарда әрбір гектардан орта есеппен 14 центнерден астық бастырылуда. «Степной крестьянин» колхозында жаңа жерде бидайдың гектарынан 19 центнерден, ал «Ақтөбе» колхозында 24 центнерден өнім жыйнауда. Солтүстік Қазақстан облысының Қоңғохов ауданының егін үшін тың жерді көп игерген колхоздары бидайдан 100 пұттан өнім алуға.

Мол өнімді деркесінде жыйнап алу үшін, астықты және басқа өнімдерді тапсыру және мемлекетке сату жоспарын орындау үшін республикада керектінің бәрі бар. Қазақстанның МТС-тері мен совхоздары егін жыйнау жұмысы басталғанға дейін бірнеше мың комбайн алды. Мұның үстіне, республикаға еліміздің оңтүстік аудандарының өздерінің машиналарымен бірге бес мыңнан астам маңдай алды комбайншы келіп жатыр. Кәзірдің өзінде-ақ 3 мыңнан астам комбайншы келіп, жұмысқа қызу кірісті.

Егін жыйнаудың жергілікті шеберлері де, басқа аудандардан келген шеберлері де егін жыйнаудың бастапқы күндерінен-ақ үлкен табыстарға жетті. Комбайншы Социалистік Еңбек Ері Федор Веха 15 күннің ішінде «Сталинец-6» комбайнымен Семей облысында 540 гектар жердің егінін жыйнап, 7 мың центнер астық бастырды.

Семейдің тағы бір комбайншысы Дмитрий Кравченко 8 күннің ішінде 210 гектар жердің егінін орып, 5 мың центнер астық бастырды. Қостанай облысының Викторов МТС-інде Одесса облысынан келген комбайншы Компанец жолдас жаппай егін жыйнаудың бастапқы аптасында жарыста озып шықты: 6 жұмыс күні ішінде ол 192 гектар жердің бидайын орды, ал соңғы күндерде еменалық жұмыс нормасын 40 гектарға дейін жеткізді.

Егін оруды алдыңғылардың бірі болып бастаған Талдықорған облысында комбайндардың жұмыс өнімділігі төмен. Мұнда дәнді дақылдардың жартысы да орылып болған жоқ. Бір комбайнның бір тәуліктегі жұмыс өнімділігінің орта мөлшері соңғы бескүндікте төмендеп кетті және бар болғаны 4,3 гектар болды.

Республика облыстарының көпшілігінде егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымдастырудың ең бір осал жері — астық тазалау болып табылады. Қазақстан КП Орталық Комитетінің егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымдастыру мәселелерін талқылаған пленумынан кейін, барлық облыстарда дерлік жергілікті өнеркәсіп пен МТС мастерскойларының жоғары өнімді велжалар, астық пульттерін өндіру жөнінде, жарамсыз комбайндар мен күрделі молотилкаларды астық тазалауға бейімдеп қайта жөндеу жөнінде қарарлар қабылданып шаралар белгіленді. Бірақ, бұл қарарлар жүзеге асырылмады.

Атап айтқанда, Павлодар облысында астық тазалауға арнап машиналар жасау жөнінде үлкен шаралар белгіленді. Солдай бола тұрса да егін жыйнаудың бастапқы күндерінен-ақ астық тазалайтын машиналардың тапшылығынан колхоз қырдандарында көп астық жыйналып қалды.

Ақмола облысында жергілікті кәсіпорындарда 500 астық пульті жыйналды. Бірақ, олар әлі іске қосылған жоқ. Әңгіме мынада: бұлардың көпшілігі электр моторларынан тоқ алып жұмыс істеуге бейімделген, ал моторлар осы уақытқа дейін алынған жоқ.

болып, келіп адамдарға мемлекеттен жәрдем алу үшін жалған документ жасап берген-ді. Ол мемлекетті алдағаны үшін сазайын тартуға тиіс еді. Бірақ бұлай болмады. Кавалчук көп ұзамай-ақ Ленин аудандық финансе бөліміне жауапты қызметке орналасты. Осы фактіні білетура облыстың финансе бөлімінің менгерушісі Петров жолдас Ленин ауданында болғанында Кавалчукті қызметтен босату жөнінде жұмған аузын ашпады. Партия бюросы, оның секретары Чубарова жолдас кадрларды іріктеп алу және басқа кемшіліктер жөнінде жоғарғы партия органдарына кезінде хабарландыру правосын пайдаланбай келген.

Есеп беру-сайлау жыйналымы партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды, партия бюросының жаңа құрамын және қалалық ХХ партия конференциясына делегат сайлады.

Қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артельнің тігіншілері москвалықтардың игілікті бастамасына жауап ретінде жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға, еңбек өнімділігін 5 процент арттыруға, өнімнің өзіндік құнын үнемі кемітіп, оның сапасын жақсарту беруге міндеттенген-ді.

Партия ұйымы өзінің практикалық жұмысын артель тігіншілерінің социалистік міндеттемелерін орындау мақсатына бағыттап келеді. Біз бригада, цех және артель бойынша социалистік жарыстың барысына үнемі қорытынды жасап, артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу, озаттардың тәжірибелерін насихаттау мәселелеріне ерекше назар аударып отырамыз.

Мәселен, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысының қорытындысында социалистік жарыста Филиппова, Пущарская жолдастардың бригадалары озып шықты.

Партия ұйымы үгітшілердің әңгімелері, қабырға газеттері және алдыңғы қатарлы тігіншілердің бригадалар мен цехтарда әңгімелерін өткізу арқылы озаттардың тәжірибелерін жалпының игілігіне айналдыру жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асырды. Осының нәтижесінде өткен 2 айда өндіріс озаттарының қатары анағұрлым артып, артель 8 айлық жоспарды 104 процент орындады. Артельдің Ауыспалы Қызыл Туы Иванова жолдас басқарған әйелдер киімін тігетін цехқа тапсырылды. Киім пішіші коммунистер Паранова, Шишканова жолдастар социалистік міндеттемелерін орындауда басқаларға өнеге көрсетті.

Біз социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, Улы Октябрь социалистік революциясының мерекесін лайықты табыстармен қарсы аламыз.

А. ПОЛЯЕВА,

артель партия ұйымының секретары.

содолық тұтынушылар қоғамдары метала сынығын жыйнау тапсырмасын асыра орындады.

Жас мамандар МТС-терге жұмысқа келуде

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Еліміздің жоғарғы оқу орындарын бітірген мамандар облыстың колхоздарына, МТС-тері мен совхоздарына келіп жұмысқа.

Ленинградтың малдәрігерлік-зоотехникалық институтын бітірген бір топ маман облыстық ауылшаруашылық басқармасынан жолама алды. В. Кулжов Қазалы МТС-іне участоктік мал дәрігері болып, И. Подтехов Қазалы аудандық малдәрігері емдеу орнының дәрігері болып, В. Елисеев Ақжар МТС-інің участоктік малдәрігері болып тағайындалды.

Быйылғы жылы облыстың аудандарына 100-ге жуық жас маман жіберілді.

Павлодар облысының атақты комбайншысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Петр Музыка тын жердің бидайын жыйнауға тіркестірілген 2 жамбаймен 22 сағаттың ішінде 98 гектар егін орып, гектарына орта есеппен 20 центнерден астық бастырды.

Мұнымен қабат, егін жыйнау жұмыстарын ұйымдастыруда, әсіресе, техниканы пайдалануда, елеулі кемшіліктерге жол беріліп отырғандығын айту керек. Бәрінен бұрын МТС-тер мен совхоздардың орталықтарында жөнделмеген жүзеген комбайндар тұрғандығы үлкен абыржушылық тудырады.

Техниканың көптігіне қарамастан көптеген МТС-тердің, аудандар мен облыстардың басшылары комбайндардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ете

астық тазалауды ұйымдастырудың шаршығы астық дайындаудың қаржының әсерін тигізуде. Көп аудандар, мыңдаған центнер бастырылған астығы бола тұрып, тазалау жұмысының артта қалуы салдарынан астықты мемлекетке тез тапсыра алмай отыр. Осы жағдайдың өзінде де Ақмола және Павлодар облыстарының дайындау пункттерінде астық қабылдауда кәзір үлкен кідіріс бар. Мұнда астықты өңдеу және кентіру үшін механиздердің тапшылығы әсер етіп отыр.

Егін жыйнауды ұйымдастырған түрде қысқа мерзім ішінде, ысырапсыз өткізу үшін, астық дайындау жоспарын ойдайдай орындау үшін Қазақстанның барлық мүмкіндіктері бар. Бұл мүмкіндіктер толық көлемде пайдаланылуға тиіс.

В. КУПРИН,

(1 сентябрьдегі «ПРАВДА»).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ

„Солтүстік Кавказ“ павильонының залдарында

«Солтүстік Кавказ» павильонының егіз залын күн сайын мыңдаған адам келіп көреді. Бұған қала тұрғындары мен деревняның өкілдері, шашына ақ кірген адамдар, жас студенттер мен мектеп оқушылары, экскурсанттар топ-тобымен де және жеке-жеке болып та келеді. Мұнда барлық туысқан 16 республиканың өкілдері — Памир тауының селоларынан келген тәжіктер, Қазақстан даласынан келген мал өсірушілер, мәңгі ызғарлы аудандардан келген якуттар, күн сәулелі Грузия мен Молдавияның жүзім мен шай өсірушілері Украина мен Өзбекстанның мақта өсірушілері болды. Сол сыяқты павильонға оннан астам шетелдің делегациялары келді.

СОТА-ның тілшісімен әңгімесінде павильон директоры В. В. Свириденко былай деді:

—Павильонға үлкен назар аударылуы тегін емес. Мұнда көріп, үйренуге тұрарлық нәрселер бар. Донның, Кубаның және Ставропольдің социалистік ауыл шаруашылығы күрметті даңққа бөленген. Солтүстік Кавказда үлкен алаңда әртүрлі көптеген ауылшаруашылық дақылдары өсіріледі. Өлкенің көз жеткісіз жазықтығында бидайдан, техникалық дақылдардан, күріштен мол өнім алынууда; Қара теңіз жағалауында және Кавказ тауының етегінде субтропикалық дақылдар өсіріледі; бақша мен жүзім егілген алаңдар ондаған мың гектар жерді алып жатыр, Кубаның ойпаттарында консерв заводтары үшін өсімдік өсіріледі. Бұл өлке, сол сыяқты, табын-табын тамаша қойымен, іріқара малмен, асыл тұқымды жылқылармен де дақты.

Павильонның 20 экскурсанттары күн сайын барлық зал бойынша 25-тен 40-қа дейін экскурсиялар жүргізеді. Экскурсанттардың ішінде Кавказ халықтарының тілін білетін адамдар бар, сондықтан түсінік жұмыстары көп реттерде экскурсанттардың ана тілінде жүргізіледі.

Солтүстік Кавказ туралы әңгіме кіре

берісетегі залдан-ақ басталады. Кіре берісетегі биік, әрі жарық зал сонымен бірге қысқы бақша болып саналады. Пальма, банандар, магнолия және басқа да жергілікті өсімдіктерге жағалай отырғызылған гүлді ақ колонналар ерекше көзге түседі. Флорамен танысу павильонға таяу тұрған оранжер мен ашық алаңға дейін созылады.

Солтүстік Кавказ еңбекшілерінің халық шаруашылығы экономикасы мен мәдени және әл-ауқат дәрежесінің өскендігі кіре берісетегі залдың стендтері мен көркем панноларында жарқын бейнеленген. Міне бірнеше цифрлар. Солтүстік Кавказдың 2932 колхозын 612 машина-трактор және арнаулы станциялар қамтыды. Жер өңдеушілердің еңбегі толық механикаландырылған. Еліміздің биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойларының үштен бірінен астамы осы өлкенің колхозы мен совхоздарында. Егін шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттырудағы табыстары үшін Солтүстік Кавказдың социалистік ауыл шаруашылығының 519 озаттарына Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ берілген.

Бірінші залдың стендтері Дон еңбекшілерінің күресі мен жеңістерінің қорытындыларын көрсетеді. Залды көркемдеуде халықтың ою өнері кеңінен пайдаланылған. Залдың оң жағы — Ростов облысы, сол жағы Каменск облысын көрсетуге арналған. Донның суын, өткен жылы гана 34.700 гектар құрғақ жерді суландыруға пайдалануға мүмкіндік берген В. И. Ленин атындағы Волга-Дон кеме қатынасы каналының жалпы көрінісін көрсету басталады.

Сальск ауданындағы Сталин атындағы көп салалы колхоздың стендтері көптең назарын аударады. Үлкен фотопаннода бидай алаңының ортасында колхоз председателі А. П. Чеховский. Айнала толған астық. Жақында павильонға барғандар стендтерді көріп, көрмеге келген колхоз

председателінің бұл көп салалы шаруашылықтың жұмыс тәжірибесі жөніндегі қызықты әңгімесін тыңдады. Колхоз жыл сайын Сальск ауданындағы басқа колхоздарға қарағанда, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 3—5 центнер өнімді артық алады. Колхозда өткен жылы 1950 жылымен салыстырғанда астықтың товарлы өнімі 3,8 есе ұлғайтылды. Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті механикаландырудың, еңбекті дұрыс ұйымдастырудың және колхозшылардың мәдени-тұрмыс қажеттері жөнінде үздіксіз қамқорлық жасаудың арқасында қоғамдық шаруашылықты өркендетуде айтарлықтай табыстарға қол жетті.

Ремонттеск ауданы, Ворошилов атындағы колхоздың асыл тұқымды қой фермасының табыстары көрсетіледі. Мұнда 1951 жылы әрбір қойдан орта есеппен 4,8 килограмм, ал өткен жылы — 5,45 килограмм жүн алынды. Бұл 27.933 бас биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойдан алынған жүн.

Көркем жабдықталған өнекі стендтер үстіміздегі жылдың бас кезінде құрылған Дондағы Каменск жаңа облысының жетістіктерін бейнелейді. Озат артельдердің ішінде еналымен Зверев ауданындағы Ворошилов атындағы колхозды атап айту керек. Колхозшылар Гуксовск МТС-нің механизаторларының көмегімен құрғақшылықты табысты жеңе отырып, егіннен тұрақты өнім алуға жетісуде. Ауа райының қолайсыз жағдайларына қарамастан, колхоз 1952—1953 жылдары күздік бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 24 центнерден өнім жыйнады.

Ставрополь өлкесі — астық шаруашылығы жоғары өркендеген өлке және биязы жүнді қой шаруашылығының ірі базасы. Мұнда дәнді дақылдардан жекелеген колхоздар ғана емес, сонымен бірге бүкіл аудандар мол өнім жыйнайды. Залда 1952 жылы 25.770 гектар дәнді дақылдар егілген алаңның әрбір гектарынан орта

есеппен 19,8 центнерден өнім алған Либнехт ауданы түгелдей көрсетілген. Күздік бидайды тоғыспалы өдіспен себуді қолданудан өткен жылы әрбір гектардан 2,94 центнер, ал, тарқатарлы әдісті қолданудан 1,92 центнер қосымша артық өнім алынды.

Колхоздардың табысы мен бөлінбейтін қорлары жыл сайын өсуде. 1952 жылы колхоздардың ақшадай табысы 20 миллион, 1953 жылы — 33 миллион сомнан астам болды. Мұның қатарында Петров МТС-нің жұмысын баяндайтын өте қызықты стенд бар. Үстіміздегі жылы бұл станция қамтытып колхоздар аймағы 10.111 гектар алаңда қара бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 23,4 центнер өнім алды. Аполонск ауданындағы үлкен алаңда дәнді дақылдардан мол өнім алған «Коммунистический маяк» колхозының стендтің көруден /экскурсанттар өздеріне көп пайдалы нәрселер алуа.

Залдың барлық әсемделген қабырғаларында дерлік панно бар. Таяғына сүйеніп, кең шекпен киген шопан тұр. Ал, қайда қарасаң да, барлық жерде жайылымдарда бағылып жүрген қой. Ставрополь өлкесі — еліміздің қой өсіретін аудандары үшін биязы жүнді асыл тұқымды қояқтар өсіріп берген негізгі өлке. Мал шаруашылығының бұл саласындағы жетістіктер Ипатовск ауданы, «Вторая пятилетка» колхозының асыл тұқымды қой фермасының және Дмитриев ауданы, «Вольшевик» асыл тұқымды қой өсіретін совхоздың мысалынан айқын көрінеді. Колхоздың жұмысымен стендтегімен ғана емес, сонымен бірге Ставропольск облысынан көрсету үшін түгелдей әкелінген «Вторая пятилетка» колхозының қой табынын көрмедегі қой фермасынан көріп те танысуға болады.

Краснодар өлкесінің залы. Кубань — біздің еліміздің бай өлкесінің бірі, социалистік ауыл шаруашылығының көптеген жаңашыларының Отаны. Өлкенің техника мен агротехниканы жете меңгерген таңдаулы ұлдарының — И. Шацкийтің, Д. Гончарьтің, Т. Кабаның, И. Бунеевтің және басқалардың есімдері кімге мәлім емес. Олардың жұмыс тәжірибесін еліміздің басқа мыңдаған алдыңғы қатарлы механизаторлары терең зерттеп үйренуде

және оларға теңелуде. Өлкеде 182 машина-трактор станциясы комплексті механикаландыру ісін жүзеге асырған. РСФСР дағы жалпы егін алаңына шаққанда өлкедегі әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының алатын үлес салмағы жөнінде тамаша кесте келтірілген. Күздік бидай 22,6 процент, күнбағыс — 15 процент, эфир-май дақылдары — 16,8 процент орын алады. Краснодар өлкесінде республикада өсірілетін шайдың барлығы өсіріледі, барлық сары шапшос темекінің 80 проценті жыйналады. Кубаньда жүзден астам ауылшаруашылық дақылдары өсіріледі.

Сол сыяқты, Кубаньда жоғары өркендеген мол өнімді қоғамдық мал шаруашылығы бар. Өлке мемлекеттік қоймаларға ауылшаруашылық өнімдерін жыл сайын көп мөлшерде беруде, колхозшылардың материалдық әл-ауқаты жақсаруда, олардың заттай және ақшадай табысы артуда. Өлкенің колхоздарының 70 проценті — миллионер.

Кубаның қажыма егінші — колхозшыларының, механизаторларының, мамандарының, ғалымдарының тәжірибесі туралы залдың ерекше көркем жабдықталған 28 стендті толық айтып береді. Мұнда келушілер 1952—1953 жылдары бидай егілген 29.800 гектар алаңның әрбір гектарынан орта есеппен 19,2 центнерден өнім жыйнаған өлкенің алдыңғы қатарлы Курганинск ауданының жетістіктерімен танысады.

«Виноградтан мол өнім жыйнау» деген картина үлкен шеберлікпен жасалған, ол залға кірген кезде бірден назар аударады. Дәл осы арада Карл Маркс атындағы колхоздың Социалистік Еңбек Ері М. Ф. Склярованың зверошының жұмысын көрсететін стенд орналасқан. 1953 жылы звено 8 гектар жүзім егілген алаңнан 1.700 центнер жүзім, оның әрбір гектарынан 216 центнер жүзім жыйнады. Бұл табыс оңайлықпен келген жоқ. 1941—1942 жылдардың қаһарлы қысында елеуір алаңда жүзім суыққа ұрынды. Тәжірибе мен қажырлы еңбек звеноны бұл қатерден сақтады, звеношылар колхозшыларды мол өніммен қуантты. Жүзім өсірудегі табыстары үшін облыстың 23

жүзім өсірушілеріне социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Облыс стендтерінде сол сыяқты Қараногойск ауданы, «Червские буруны» асыл тұқымды қой совхозының тамаша табыстары көрсетіледі. Міне, тамаша цифрлар. 1952—1953 жылдары совхоз әрбір қойдан орта есеппен 7,21 килограмм жүн және әрбір күз саулықтан 112 қозы алды.

Павильонды көру үш автономиялы республиканың: Дагестанның, Солтүстік Осетияның және Кабардиннің залдарымен аяқталады. Совет Олағы халықтарының туысқан семьясында бұл республикалардың еңбекшілері түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің гүлденуіне жетті, ауыл шаруашылығы мен өнертәсіпті ойдайдай өркендетуде. Стендтердің бірінде Дагестан АССР, Гунибск ауданы, Чох селосының Сталин атындағы колхозы көрсетіледі. Колхозда Прикаспийск ойпатының қара топырақты жерлеріндегі қысқы жайылымдардың суық жағдайына жақсы төзетін, ұзақ уақыттық жайып бағуға бейім, жоғары өнімді дагестан тау тұқымдас қойы өсіріледі. Сол сыяқты жекелеген шаруашылықтар мен озаттардың бақша дақылдары мен жүзім өсірудегі тәжірибесі туралы да айтылады. Солтүстік Осетия автономиялық республикасынан картоп пен оңтүстік кеңдірінен жоғары өнім алғаны үшін үш колхоз — Пригород ауданындағы Маленков атындағы, Орджоникидзе ауданындағы, «Путь сознания» және «По заветам Ильича» колхоздары залға қойылған.

Павильоннан шығар жердегі столшала қызыл сабынмен түптелген кітап жатыр. Оған келушілер мен экскурсанттар өңдерінің павильоннан алған әсерлерін, пікір-тілектерін жазалды. Мұнда әртүрлі тілде жазылған көптеген жазулар бар. Олардың бірінде былай деп жазылған: «Солтүстік Кавказ павильонында ауыл шаруашылығындағы табыстар бай, нағымды және жап-жақты көрсетілген». «Барлық материалдар (цифрлар мен иллюстрациялар) Солтүстік Кавказ халықтарының жетістіктерін айқын сыйпаттайды. Кавказ далалары мен таулары еңбекшілерінің даңқы арта берсін».

Мал шаруашылығын мол өнімді, табысты шаруашылыққа айналдырайық!



Үстіміздегі жылы Соколов ауданының Пушкин атындағы колхозында 100 бұзау сыятын қора, 1500 қой және 1500 құс сыятын қора салу жоспарланған болатын. Көзір бұзау қорасы салынып болып, пайдалануға берілді.

СУРЕТТЕ: жаңа бұзау қорасының сыртқы көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ—КОЛХОЗ БАИЛЫҒЫН АРТТЫРУДА

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінің нағарлығын, мал шаруашылығы әлі де болса жоғары товарлы және мол табысты салаға айналмағандығын атап көрсетті. Бұл кемшіліктер Пушкин атындағы колхозға да тән іс еді.

Соңғы жылдарға дейін бұл колхозда қоғамдық мал шаруашылығының өркендеуі айтарлықтай болмады. Мал өсіру оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарлар орындамай келді. Оған мал азығының жеткіліксіздігі және мал шығынына жол берілуі негізгі себеп болды.

Колхозшылар сентябрь Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға ие

болуда. Олар көзірлі уақытта мал өсіру жоспарын барлық түліктен артық орындап шықты. Мал шаруашылығының өнімділігі де 1953 жылдан едәуір артты. Колхозшылар мемлекетке міндетті ет, сүт, жүн тапсыру жоспарын толық орындап, бұл күндері мемлекеттік сауда орындарына ет, сүт сатуда. Мұнда мал өсірудің, оның өнімін арттырудың гектарлық есебі қатаң сақталады. Мал шаруашылығының жедел өркендеуі негізінде колхоздың экономикасы нығайды, колхозшылардың жалпы табысы мөлаіып, ал-ауқат мәдени дәрежесі күннен-күнге жақсара түсті. Төменде колхоз мал шаруашылығының өркендеу жолына және алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің іс-тәжірибелеріне тоқталмақпыз.

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨНІМІ

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде колхоздың жер жағдайы өте қолайлы. Колхозшылар СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль, март Пленумдарының қаулыларын мүлтіксіз

жүзеге асыру үшін мал басын көбейтуді өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойды. Олар мал өсіруде көзірлі өзінде едәуір табыстарға ие болып отыр. Мал басының өсу жайы төмендегідей:

	Қолда бар мал саны		Әрбір 100 гек. егістік жерге өсірілген мал	
	1953 жыл	1954 жыл	1953 ж. I. х.	1954 ж. I. х.
Барлық қарамал	412	489	21,6	25,8
Оның ішінде сауын сыйыр	157	200	8,3	10,5
Қой	754	871	39,6	45,8
Шөпқа	64	140	3,3	13,8
Жылқы	124	160	6,5	8,4
Құс	305	1200	16	63

хозна қоғамдық мал шаруашылығының алып-адыммен өркендей түсуін қамтамасыз етіп келеді.

ЖЕМШӨП, МАЛ ҚОРАСЫ

Колхозда мал басының көбейіп, өнімділігі молаюын жыл сайын қоғамдық малға азықтың жеткілікті мөлшерде дайындалуынан деп түсіну керек. Өткен жылы колхозда табиғи шөп мол дайындалды. Осының нәтижесінде колхозда мал қыстату маусымы үлгілі өткізілді.

Дегенмен, колхоздың құнарлы мал азығын дайындауда артта қалып келе жатқандығын айта кету керек. Мұның өзі мал өнімінің мол болуына кері әсерін тигізіп келеді. Колхозшылар бұл кемшілікті жоюдың бйыл батыл шараларын белгілеп, оны мінеіз жүзеге асыруда.

Көптемеде қоғамдық мал үшін 170 гектар сұлы, 80 гектар арпа, 41 гектар сүрленетін егістер егілген болатын. Сүрленетін дақылдың шырымы жақсы болды. Колхоз бұл дақылды жыйнап, оны сүрледі. Арпа мен сұлы дақылдары жыйналуа. Олардың өнімінен кемінде 1000 центнер жем дайындалады. Бұдан басқа колхоз 11 гектар мал азығындық қызылша еккен болатын. Оның әрбір гектарынан 150 центнерден өнім алу көзделіп отыр. Сол сыяқты, колхозда 45 гектар картоп егілсе, одан жыйналатын өнімнің біразы малға, әересе, сауын сыйырларға беріледі.

Колхозшылар табиғи пішенді шабу, оны жыйнау және маялау жұмыстарын өткен жылдан бйыл ұйымшылдықпен жүргізді. Осының нәтижесінде колхозда 20 августқа дейін 9711 центнер шөп маяланды. Шөп шабу өзі

ЖАҢА АППАРАТУРА

Облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімі біріккен кино-радио установка деп аталатын жаңа аппаратура-радар алды. Көзір аппаратуралар МТС орталықтарына орнатылуда. Аппаратура электр тоғымен жұмыс істейді. Онда радиоторабы және тұрақты кино установка бар. Бұл екеуін бір кісі де қамтып үлгереді. Аппаратура клуб үйлеріне орнатылады. Оның радио торабында 500 радиоточка бар.

Жақында облыстық киноландыру бөлімі біріккен кино-радио установкасын Иыич атындағы МТС-тің қамтуындағы Сталин атындағы колхоздың клубына орнатады. МТС механизаторларының, колхозшылардың үйлеріне 500 радиоточка орнатылып, олар жұмысқа қосылады.

Біріккен радио-кино установкалар колхоздарға тегін беріледі. Оны киноландыру бөлімінің арнаулы қызметкерлері колхоздардың клуб үйлеріне орнатып береді. Мұндай жаңа аппаратуралар Пришиб ауданындағы Каганович атындағы колхозда, Преснов ауданындағы Маленков атындағы колхозда, Булаев ауданының Успенка селосына орнатылды.

Мәдени-үгіт бригадасы

Облыстық мәдениет басқармасы Октябрь, Преснов аудандарының колхоз, совхоздарын және МТС-терін қамту үшін арнаулы мәдени-үгіт бригадасын жіберді. Оның құрамында 9 адам бар. Бригаданы облыстық мәдениет басқармасының инспектор жөніндегі инспекторы Калмакова жолдас басқарады.

Мәдени-үгіт бригадасы жергілікті жерлерде болған уақыттарында егіншілер мен механизаторларға концерттер қойып береді. Бригаданың концерт программасында совет композиторларының әндері, орыс, қазақ билері, хор, жеке әндер және күлдіргі тақпақтар бар. Мұнымен бірге, бригада жауынгерлік листоктар шығаруға көмектеседі. Түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізеді.

Мәдени-үгіт бригадасында кітапхана да бар. Ол саяси, көркем, ауылшаруашылық әдебиеттерімен қамтамасыз етілген. Кітапханада газет, журналдар да бар. Мұнда егіншілер шахмат, дойбы ойнап, көркем шығармаларды оқып, мәдениетті түрде дем алады.

Жылжымалы кітап дүкені

Облыстық кітап саудасы бөлімі егін орағы кезінде егіншілер мен механизаторларды қажетті түрлі әдебиеттермен қамту үшін жылжымалы кітап дүкенін ұйымдастырды. Дүкен арнаулы жүк машинасына орналасқан. Мұнда саяси, көркем, ғылыми, ауылшаруашылық техникалық және басқа кітаптар, ауылшаруашылық оқулықтарының жұмыс үлгілерін насихаттайтын кітапшалар, дәптерлер, кеңсе жабдықтары, альбомдар бар.

Жылжымалы кітап дүкені

Бақытқа бөленген бөбектер

Каманин көшесінің орта кезіндегі көркем аташтар арасындағы екі қатарлы ақ үйде Микоян атындағы ет-консерв комбинатының балалар бақшасы орналасқан. Жақында мұнда мектеп жасына толған балалардың құрметіне арналып, ертеңгілік өткізілді.

Мерекедегідей әсем безендірілген кең залдың төрті қабырғасына алқызыл ленталармен, гүлдермен көмкерілген В. И. Лениннің портреті. Онан төменірек И. В. Сталиннің жас баланы құшақтап тұрған скульптурасы қойылған.

Бөлменің біржақ бөлегін ала бөбектердің ата-аналары отыр. Олардың ішінде еңбек озаттары, инженер-техник қызметкерлер бар. Әлден уақытта бөлме гүлдей жайнаған жас бөбектерге толып кетті.

Ертеңгілік басталды. Мектепке бы-йыл тұңғыш баратындар ортаға кезек-кезек шығып, өздері неше жыл талай қызбаға батып, сәбилік күндерін көңілді өткізген балалар бақшасына, тәрбиешілері мен күтушілеріне, тіпті ас пісірушілерге де өздерінің алғыстарын айта бастады. Олар өздерінің алғы сөздерін бақшамен қоштасумен аяқтады. Бұдан кейін олардың концерті басталды. Барлығы қосылып «Ұлы Отанға рахмет айтамыз» деген әлеңді орындады.

Міне, ортаға тығыршық денелі Толя Рамазанов шықты. Ол өзінің діріл қаққан жіңішке дауысымен «Лучшая на свете» әнін орындады.

Концерттен кейін балалар үйінің меңгерушісі Мария Кирилловна Опарина жолдас мектепке баратын бөбектерге сыйлықтар үлестірді. Ал, олар өздерінің тәрбиешісі Пронина Мина Михайловнаға, Мария Кирилловнаға гүлдер тарту етті. Ата-аналар атынан туысқандар комитетінің председатели Кудряшева жолдас бөбектерді тәрбиелеуде сіңірген еңбектері үшін балалар бақшасы коллективіне алғыс айтты.

Ет-консерв комбинатының балалар бақшасы мұндай ертеңгіліктерді өткізуді дәстүрге айналдырған. Бұл күн тәрбиешілердің 4—5 жылғы еңбегінің қорытындысын шығаратын күн болып есептеледі. Өйткені, 2—3 жасында келген бөбектер бұлардың қолында мектеп жасына толғанша тәрбиеленеді.

Комбинаттың балалар бақшасы қаладағы ең үлгілі бақшалардың бірінен саналады. Мұнда бөбектерге керекті барлық жағдай жасалған. Бақшада көзір 112 бала тәрбиеленеді. Бақша тәулік бойына

жұмыс істейді. Мұның өзі түнгі сменалағы аналардың балалары үшін алаң болмауына жағдай туғызады. Бөбектер үшін жұмсалатын қаржы өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым артты. Тәрбие жұмыстарында арнаулы педагогикалық білімдері бар 8 тәрбиеші жұмыс істейді. Оларды балалар тәрбиесін жақсы білетін, өзі алты бала тәрбиелеп өсірген Мария Кирилловна Опарина басқарады. Опарина жолдас тәрбие жұмыстарына қаланың алдыңғы қатарлы тәжірибелі тәрбиешілерінің жұмыс әдістерін кеңінен қолданып отырады. Ол сол сыяқты, Москваның балалар бақшаларымен де үнемі байланыс жасап отырады. Тәрбиешілер де өз жұмыстарын шын беріле сүйіп істейді. Олардың көпшілігі бірнеше жылғы жұмыс тәжірибесі бар мамандар. Мысалы, аға тәрбиеші Пронина Мина Михайловнаның тәрбиеші болып істегеніне 20 жылдан асты. Осы жылдардың ішінде ол 200-ден астам бөбектерді мектепке аттандырды. Бйыл да оның қолынан 12 бала мектеп есігін алғашқы рет ашты.

Бақшада тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Тәрбиешілер жас балалардың өз анасын жоқтатпай, көңілдерін аулап қана қоймай оларды дүниетануға үйретіп, мектепке түсуге әзірлейді. Мұнда тәрбиешілер басқарған әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді. Мәселен, ересек балалар тобы тігін мастерскойына әкесурияға барғаннан кейін, түрлі кездемелердің қыйқымдарын жыйнап, одан үлкен бір альбом жасаған. Ал, екінші бір тобы қатты қағаздан жүк машинасының, дозал вагонының жабайы моделін құрастырды. Жас бөбектер, әресе, сурет салуға өте құмар келеді. Тәрбиешілер салған суреттерге қарап сурет салуға жаттыққаннан кейін олар бақша алаңындағы өсімдіктердің суреттерін өздері салады. Олардың сурет салуға еліктеуі —бөбектердің дүниетануы көзқарастарының қалыптасуын тездетеді.

Жас бөбектер қысқа өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаш сөздер жаттап үйренеді. Бұл олардың сөздік қорының молаюына, тілдерінің жаттығуына көмектеседі.

Балалар бақшасының үлгілі жұмысы үшін бөбектердің ата-аналары рйізальк білдіріп, алғыстар айтуда. Тәрбиешілер коллективі өздерінің құрметті міндеті — жас бөбектерді тәрбиелеуде бұдан былай да табысты еңбек ете бермек.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Үлгілі оқу үйінде

Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Полудень ауданы) орталығына орналасқан Скворцов оқу үйіндегі адамдардың жыйналғанына біраз уақыт болып қалды. Бұлар осы оқу үйінің активтері еді. Олардың ішінде озат колхозшылармен қатар колхозда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығының мамандары да бар. Оқу үйінің меңгерушісі Коржук жолдас оларды ауылшаруашылық жұмыстарының

бәріне басшылық жасау оқу үйінің меңгерушісі Коржук жолдасқа жүктелді.

Егін жыйнау маусымы басталысымен-ақ оқу үйінің жұмысы бригада басына көшірілді. Әересе, еңбекшілер арасында лекция, баяндамалар оқу, социалистік жарыстың барысы туралы әңгімелер өткізіп, күнделікті жұмыс қорытындысын үнемі шығарып отыру, жұмыста оның

Үстіндегі жылы мал өсірудің жоспары қарамадан —101 процент, жылқыдан 111 процент, шошқадан—155,5 процент, қойдан — 114,6 процент орындалып отыр. Оның ішінде аналық малдарды өсіру жоспары да әрбір түлік бойынша орындалған.

Колхозда мал басының көбеюімен бірге, мал шаруашылығының өнімділігі де арта түседі. Соңғы жылдары, сүт, жүн, ет тапсырудың міндетті тапсырмасы үнемі артығымен орындалып келеді. Өткен жылы мұнда мал шаруашылығының өнімін мемлекетке тапсыру жөніндегі міндетті тапсырма толық орындалды. Колхоз мемлекеттік сауда орындарына 30 мың литр сүт сатты. Колхозда әрбір 100 гектар егістік, шабындық және жайылымдық жерге 4000 литрге жуық сүт өндірілсе, быйылғы жылдың 1 сентябріне дейін 5800 литр сүт өндіріліп отыр. Келесі жылы әрбір 100 гектар жерге 10000 литрге жуық сүт өндірілмек.

Колхозда сыйырлардың құнарлылығы жылдан жылға артуда. Малшылар бұл табысқа сыйырларды құнарлы азықпен азықтандыру, оларға күтімді жақсарту арқылы жетісіп келеді. Колхоз көзінді өңінде мемлекетке сүт тапсыру жоспарын толық орындап шықты. Бұдан басқа сауда орындарына 33626 литр сүт сатты.

Мал өсірушілер мемлекетке ет, жүн тапсыруды быйыл да мерзімінен бұрын орындады. Көзіргі уақытта мемлекетке жоспардан тыс ет, сүт сатуда. Жақында мал өсірушілер 10 шошқаны бордақылап, оны мемлекетке сатты. Одан мыңдаған сом пайда тапты. Әлі де колхоз мемлекетке ондаған малды семіртіп, оны мемлекетке сатпақ. Көзір 20 шошқа және бірнеше қарама семіргізде. Бұл уақытта дейін колхозшылардың әрбір еңбекшісіне 20 грамнан май беріледі. Мал шаруашылығынан түскен ақшадай табыстан мал өсірушілердің әрбір еңбекшісіне 1 сом 66 тиынан, ал жұмыстың басқа бөлігіндегі колхозшыларға 75 тиынан ақша беріледі.

КОЛХОЗ МАЛ ӨСІРУШІЛЕРІ

Соңғы жылдардың ішінде колхозда алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің саны көбіей түсті. Олар өздеріне жүктелген міндетті аброймен орындап, мал өсірудің шын жөніндегі шебері болып алған. Солардың бірі —шошқа күтуші Пелагея

зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді мұқият қолданып келеді. Пелагея, әресе, ішкі мегежіңдерді күтуге ерекше назар аударып, олардан төрайды көптеп алуға. Быйылғы жылы ол әрбір метежінен орта есеппен 14 төрайдан алды. Бүге-бір төрайдың шығанына жол берген жоқ. Воротиңцева жолдастың қажырлы еңбегі колхозда шошқа өсіру жоспарының 155,5 процент орындалуын қамтамасыз етті.

Бузау күтуші Н. Орлова жолдас та колхозшылардың зор құрметіне бөленген малшы. Ол жыл сайын бекітіліп берілген бузауды шығынсыз өсіріп, колхозда мал басының көбеюіне келеді үлес қосып келеді. Быйылғы жылы Орлова жолдасқа 32 бузауды күту міндеттелді. Ол жас бузауларды зоотехникалық ережелерге сәйкес күте білді. Бұл істе өзінің көп жылғы жұмыс тәжірибелерін қолданып, бузаулардың төулдікті өсу салмағын белгіленген нормадан едәуір арттырып және бірде-бір бузауды шығынға ұшыратпай отарға қосты.

Александра Хренова жолдасдың сауыншы болып жұмыс істегеніне бірнеше жыл болды. Ол өткен жылы әрбір сыйырдан 1400 литр сүт алған болатын. Сауыншы быйылғы жылы қарамағындағы 13 сауын сыйырдан 13 бузау алуға және әрбір сыйырдан 1700 литр сүт саууға міндеттеме алған болатын. Александра алған міндеттемесін аброймен орындап шықты. —Сыйырлардан сүтті неғұрлым мол алу үшін, —дейді Александра, —ерінбей еңбек ету керек. Сыйырдың сүтті мол беруі сауыншыға байланысты. Егер сыйырды өзінде үйретіп, оны үнемі бір мезгілде әртүрлі азықпен азықтандырып отырсаң, кезінде суарсаң және жатар орнын жайлы қыласаң онда сыйыр сүтті көп береді.

Еншина жолдасдың сауыншылық міндетті атқарғанына быйыл 13 жыл болды. Ол осы мерзім ішінде 200.000 литрдей сүт алды. Еншина жолдас быйылғы жылы да сүт алу жөніндегі міндеттемесін көзінді өзінде орындап шығып отыр. Еншина көпжылғы жұмыс тәжірибесін жас сауыншыларға үйретіп, оларды еңбекте зор табысқа ие болуға баулап отырады. Озат сауыншы Александра Хренова жолдас та Еншина жолдасдың тәжірибесін алған сауыншы.

Міне, осы сыяқты, алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің қажырлы еңбегі кол-

хозда жүргізілуде. Келесі жылы колхозда сауын сыйырлар жазда да қолда бағылатын болады. Сондықтан колхозшылар көп ініп үшін 200 гектар қарабизай егуді ұйғарса, оның көпшілігі егілді.

Колхозшылар қысқы маусымға осындай мал азығын әзірлеп отыр. Мұның өзі малдың қоңын қыстың күні төмендемеуіне және мал өнімінің мол болуына мүмкіндік береді. Олар малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету арқылы келесі жылы сыйырлардың құнарлылығын екі есеге жуық арттырмақ.

Мал шаруашылығының өркендей түсуі колхоз байлығын жылдан-жылға молайтуда. Өткен жылы мал шаруашылығынан 200 мың сомнан артық ақшалай табыс алынды. Бұл колхоздың барлық шаруашылығынан түскен табысының 60 проценттейі. Мал шаруашылығы өнімдерін тапсырып, колхоз бір жүк автомобилін сатып алды.

Быйыл колхоздың барлық табысы 500 мың сом болып белгіленсе, оның 300 мың сомнан артығы мал шаруашылығынан түспек. Мал өнімдерін мемлекетке сатудан колхоз көзінді өзінде 100 мың сомнан астам табыс тапты.

* * *

Мал басын көбейту, оның өнімін арттыру күресінде колхоз партия, комсомол ұйымдары ұйымдастырушылық роль атқаруда. Партия ұйымы мал шаруашылығының жайымен күнбе-күн танысып, малшыларды қажырлы еңбек етуге жігерлендіріп отырады. Малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыс фермадағы күнделікті жұмыстың барысымен байланыстырыла жүргізіледі. Үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізуге партия ұйымы комсомол мүшесі Волкова жолдасы бөлген. Оның өзі фермада қолма-қол еңбек етумен бірге малшыларға жиі-жиі газет-журналдар оқып, оларды елімізде болып жатқан жаңалықтармен таныстырып отырады. Мұнымен бірге үгітші социалистік жарысты алынған міндеттеменің орындалуын әрбір бес күн сайын қорытындылап отырады. Партия ұйымының секретары Сазонов жолдасдың өзі малшылар арасында жиі болып, лекция оқыды, баяндама жасайды. Осының барлығы малшыларды қажырлы еңбек етуге жігерлендіре түседі.

Т. КӘДІРОВ,

Петропавл ауданы, Ольшанка селосы.

Қоғамдық мал үшін қамқорлық

Бұлақ колхозының (Ленин ауданы) колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендету жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете түсуде. Мұнда малды жайлы өрі жылы қоралармен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді.

Мал басының көбеюіне байланысты соңғы жылдары мұнда бірнеше мал қоралары салынған еді. Колхозшылар қол жеткен табысты баянды ете отырып, үстіндегі жылы жаңадан мал қораларын салуды жоспарлаған болатын. Көзіргі уақытта бұл жоспар негізінен жүзеге асырылды. Стандартты 800 бастық бір қой қорасы, 30 бастық жылқы қорасы, 100

бастық төл үйі пайдалануға берілді.

Бұл жұмыста колхозшы Бектеміров жолдас басқарған құрылыс бригадасының мүшелері қажырлы еңбек етті. Құрылысшылар жұмыстың алғашқы күндерінен бастап өзара социалистік жарысқа ұштасып, ол жарыста алынған міндеттеменің мінсіз жүзеге асырылуына жетісіп отырды. Ағаш шеберлері Дәуітбаев, Аяганов жолдасар өздерінің күнделікті жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап, еңбекте жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Колхозда ескі мал қораларын жөндеу, оларды тазарту жұмыстары да ерте қолға алынған болатын. Соның нәтижесінде

көзінді өзінде барлық мал қоралары жөнделіп, тазартылды.

Мұнымен бірге, колхозда жем-шөп дайындау жұмысы да қызу қарқынмен жүргізілуде. Көзір қоғамдық мал үшін 40 мың центерге жуық жем-шөп дайындалды.

Шөп шабу жұмысымен бірге, жыйналған шөпті маялау, мал қораларына тасу жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізілген. Колхозшылар қар түскенге дейін барлық дайындалған шөпті мал қораларының жанына тасып алуға міндеттеніп отыр.

З. ҚАСЕНОВ.

машинна Октябрь, Преснов аудандарының колхоз, совхоздарына жүріп кетті. Мұнда біраз уақыт болғаннан кейін жылжымалы зытай дүкені Булаев ауданының колхоз, совхоздары және МТС-терін қамтытын болады.

Күн сайын екі норма

Комбайншылар Н. Макеев және А. Сафронов жолдасар егін орағының алғашқы күндерінен бастап-ақ қажырлылықпен еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Олар Пушкин МТС-нің қамтуындағы «Новая жизнь» колхозында егін жыйнап жүр.

Макеев жолдас тіркеудегі бір «С-6» комбайнымен 1600 гектар, ал, Сафронов жолдас «С-6» комбайнымен 750 гектар егін орып, әрбір гектардан орта есеппен 10 центнерден астық бастыруға міндеттенген болатын. Макеев жолдас көзір күн сайын 55-60 гектар егін орып, күнделік нормасын 230-250 проценттен орындайды. Комбайншы Сафронов та одан қалысар емес. Ол күн сайын еменалық нормасын 210-215 процент орындап жүр.

6 айда 679 еңбеккүн

Совет ауданының «Победа» колхозындағы алдыңғы қатарлы сауыншы Екатерина Тищенко жолдас өзіне бекітіліп берілген сыйырларды жақсы күтімде ұстап, олардан мол өнім алуға. Игі еңбек оның табысын да молайта түседі. Екатерина Тищенко жолдас 6 айдың ішінде 679 еңбеккүн, 450 сом ақшалай табыс тапты. Мұның үстіне қосымша ақыға жүзлеген литр сүт алды. Сол сыяқты, осы колхоздың алдыңғы қатарлы сауыншысы Лагуцкая жолдас 6 айдың ішінде 642 еңбеккүн, 450 сом ақшалай табыс тапты. Мұндай алдыңғы қатарлы еңбек озаттары колхозда ондап саналады.

Теміржолшылар курорттарға баруда

Петропавл жол бөлімшесінің теміржолшылары өздерінің кезекті демалыстарын еліміздің курорттары мен санаторийлерінде және демалыс үйлерінде өткізіп, жаңа күш, жаңа жігермен жұмысқа кірісуде. Петропавл паровоз депосының машинисі Н. Моисеево жолдас Қырымның «Метро» курортында тынығып қайтты. Мұндай теміржолшылар депода көптеп саналады. Осы жылдың өткен 8 айы ішінде жол бөлімшесінің 531 теміржолшысы еліміздің курорттары мен санаторийлерінде тағы да 243 теміржолшы тынығатын болады.

Тұрғын үйлер салуда

Тимирязев атындағы совхоздың жұмысшылары мен механизаторлары өздеріне жергілікті материалдардан тұрғын үйлер салуда. Көзір 20 жұмысшы өздерінің тұрғын үйлерінің құрылысын аяқтап келеді.

Совхоз дирекциясы және жұмысшы комитеті үй салушыларды қажетті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп, оларға зор көмек көрсетті.

лекетке астық тапсыру кезіндегі оқу үйінің жұмыс жоспарын талқылауға шақырған болатын.

—Оқу үйінің жұмыс жоспары шаруашылық міндеттермен байланыстырыла жасалуы керек. Сондықтан да мен сіздердің жоспар туралы пікірлеріңізді білім келеді, —деді Коржук жолдас жыйналғандарға.

Оқу үйінің активтері еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын кең көлемде жүргізу шаралары туралы өздерінің пікірлерін ортаға салып, жоспардың неғұрлым тиімділігін қарастырды. Әсіресе, оқу үйінің негізгі жұмыстарының дала қостары мен трактор бригадаларына көшірілуі жоспарда атап көрсетілді. Сол сыяқты, олар еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде өздеріне белгілі учас-токтер бөліп алды. Бұл жұмыстардың

Редакцияға хат

Магазиндерде балалар киімдері жеткіліксіз

Совет Одағы Коммунистік партиясы мен үкметіміз елімізде жас өспірімдерді саналы тәрбиелеуге, олардың оқуына, дем алуына үнемі әкелік қамқорлық жасап келеді. Сондықтан жас өспірімдерді саналы тәрбиелеп, оларды коммунизмнің ұлы құрылысшыларының қатарына қосу —советтік ата-аналардың бүгінгі таңдағы басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Менің үлкен қызым өткен жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумын бітіріп, көзір Павлодар облысында қызмет істейді, ал, одан кейінгі үш қызым осы қаланың бастауыш және орта мектептерінде оқиды. Мен өз балаларымды жақсы тәрбиелеуді өзімнің ең басты борышым деп есептеймін. Бірақ, оларды қаражатым болса да көңілдегідей киіндіре алмай келемін. Өйткені, қала магазинде-

жауынгерлік листоктарды қатаң сыға алып, озаттар тәжірибесін кеңінен насихаттау, сол сыяқты, егіншілер мен механизаторлардың демалыс кештерін ұйымдастыру, оқу үйінің мұндағы негізгі жұмысына айналды. Мәселен, тек соңғы аптаның өзінде колхоз агрономы тың және тыңайған жерді игерудің маңыздылығы туралы, медициналық пункттің дәрігері «Алкоголизм және онымен күрес» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Сол сыяқты, егіншілердің демалыс кештері жиі ұйымдастырылып тұрады.

Колхоз жастары Коржук жолдасдың басшылығымен бұл күндері егіншілер мен механизаторларды мәдени қамтытын мәдени-үгіт бригадасын ұйымдастырды. Олар жуырдағы күндерде дала қостары мен трактор бригадаларында еңбекшілер үшін концерттер көрсететін болады.

А. МӘМЕТОВ.

рінде жас өспірімдерге арналған аяқ киім және бас киім, мектеп жасындағы оқушылардың мектепке киетін формалы киімдерін сатып ала алмай жүрмін. Қалада балаларға киім дайындайтын кәсіпорындары аз емес. Ама! не, олар және сауда орындары, атап айтқанда қалалық тұтынушылар одағының басшылары әлі де болса еңбекшілердің өскелең тілегіне сай жұмыс істей алмай жүр. Балаларға арнап сәнді киімдер дайындау, сағу олардың естерінен шығып кеткен көрінеді. Бұл кемшіліктер қашан жойылар екен? Оны жою үшін қалалық Совет атқомі қосын сауда орындарына нақтылы басшылық жасап, қатаң талап қойғаны жөн дейміз.

М. ЛЕВАНДА,

көп балалы ана.

Естен шығармайтын іс

Балаларды семьяда тәрбиелеу олардың келешекте коммунизмнің белсенді құрылысшылары болулары үшін маңызды аса зор іс.

Бірақ, осы жағдайлардың бәрін естен шығарып, теріс пікірдің шырмауынан шыға алмай жүрген жастар және олардың ата-аналары біздің арамызда әлде де кездеседі. Киров көшесі 212 үйде тұрушы Абдрахымов тең өткен жылы гана Герцен мектебінің 6-классын бітірген 14 жастағы Найлды түнгі сағат 12-1 және одан кеш уақыттарда қолына ақша ұстатып, «Север» ресторанына араққа

жұмсауды ежелгі әдетке айналдырған.

Сол сыяқты, Киров-Сутюшев көшесі 5-үйде тұрушы Виктор Ляхухин № 10 кешкі мектепте оқиды. Ол көзірде 15 жаста. Ал, Виктор түнде қыдыруға, шылым тартуға, арақ ішуге салынған.

Осындай жастардың ата-аналары, мектеп, комсомол ұйымдары, оқытушылар коллективтері мұндай жастардың саяси және рухани тұрмыста азып кетпеуі үшін қатты күрес жүргізіп, тиісті тәртіпке шақыруы керек.

Қ. ШАЙХИСЛЯМОВ.

КЛУБ ҮЙІ ЖОҚ

Приешім ауданындағы «Бостандық» ауылшаруашылық артелі ауданыдағы шаруашылығы өсіп, колхозшылардың әлауқаты күн санап жақсарып келе жатқан колхоздардың бірінен саналады.

Алайда, бұл колхозда колхозшылары мәдениетті қамту үшін қолда бар күш-мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай-ақ келеді. Олай дейтіміз, күні бүгінге дейін колхоз орталығында клуб үйі жоқ,

Колхозшыларға кино-картиналар мектептің тар бөлмелерінде қойылады. Колхоз председатели К. Сарбасов, партия ұйымының секретары Т. Мұхамеджанов жолдасар колхоз орталығынан клуб үйін салып, оны толық жабдықтап, колхозшыларды мәдениетті қамтуға қашан көңіл бөлер екен?

Б. САҒЫНДЫҚОВ.

Село физкультурашыларының Бүкілқазақстандық спартакиадасы Жарыстың екінші және үшінші күндері

Село физкультурашыларының Бүкілқазақстандық спартакиада жарысы 30 август күні онан әрі жүрізілді. Өткен күндердегідей бүгінгі күні де жеңіл атлетикашылар ерекше көзге түсті. Олар «Колхозшы» спорт қоғамы бойынша жаңадан үш рекорд жасады. Жамбыл облысы, Георгиевка колхозаралық су электр станциясының электршісі Похудко рекорд кестесіне жаңа түзету енгізді. Ол финалдық 100 метр қашықтыққа жүгіруде 11,5 секунд уақытта келді. Оның көрсеткіші спорттың екінші разрядына теңдес. Найза лақтыруда Жамбыл облысы, Свердлов ауданы, «Трудовой пахарь» ауылшаруашылық артелінің колхозшысы Ватчаевқа бірде-бір адам тең болмады. Оның лақтырған найзасы Қазақ ССР-нің рекордына жақын, 54 метр 43 сантиметр қашықтыққа түсті. 800 метрлік жарыста Жамбыл облысы командасының өкілі Рыгина «Колхозшы» қоғамының рекордынан асырып, финишке 2 минут 30,8 секундта келді.

Күлжа жолы спорт сайысының шіеленіскен жері болды. Мұнда велосипедшілер жарысты. Стартқа ерлер шықты. Олардың алдында 100 километрлік жол бар. Солтүстікқазақстандық Беляковтың, Алматы облысының спортшысы Харченконың және жамбылдық Сайбековтың бірте-бірте басымдылығы айқын бола бастады. 3 сағат 1 минут 35 секунд уақытта фиништен бірінші болып Беляков өтті. Ал, Харченко одан 0,2 секунд уақыт ғана ұтылды. Үшінші орынға Сайбеков ие болды. Әйелдер 25 километрлік қашықтыққа жарысты. Жолдың біраз бөлегіне дейін Малиновская (Шығыс Қазақстан) алда келді. Финишке жақындағанда жамбылдық Дьячковская және Хасанова оны басып озды. 25 километрден 48 минут 1 секундта келген Дьячковская чемпион атарын жеңіп алды.

Су бассейнінде жүзгіштер жарысы өткізілді. 100 метрге брасс әдісімен жүзуге программа бойынша ерлер және әйелдер қатысты. Шығысқазақстандық Тарасовтың ерлер арасында ең жылдам жүзегінді анықталды. Ол қашықтықты 1 минут 30,1 секунд уақытта бірінші болып аяқтады. Бұл көрсеткіш үшінші разряд нормасынан едәуір артық. Әйелдер арасында Қызылорда физкультурашысы Бекболатова бірінші орынды жеңіп алды. Еркін стильмен 400 метрге жүзу жарысы бастады. Мұнда (Алматы облысынан) Чабавский жеңіске ие болды. Оның уақыты 6 минут 38,7 секунд, бұл үшінші разряд нормасынан 7,3 секунд асып түседі.

30 август күні футболшы группалардың бірінші орынға ие болуы үшін фи-

налдық кездесуі болды. Жамбыл облысының командасы мен Шығыс Қазақстан облысының командасы кездесті. Шығыстықтар 0:3 есебімен жеңіліске ұшырады.

Бүкілқазақстандық село спортшыларының үшінші күнін барьермен жүгірушілер ашты. 110 метрге барьермен жүгіруде колхоз спортшылары ішінен республикада Ушуров (Алматы облысы) жақсы көрсеткішке жетті. Оның уақыты 17,7 секунд. 80 метрге барьермен жүгіруде Қызылорда спортшысы Журавлеваның көрсеткіші жоғары болды. Оның уақыты 14,6 секундте тең. Жүгіріп келіп ұзындықтан секіруде Мирхонимова (Шығыс Қазақстан) «Колхозшы» қоғамының жаңа рекордын жасады. Оның көрсеткіші 4 метр 88 сантиметрге тең болды.

Жарыстың басқа да бес түрі аяқталды. 200 және 1500 метрге жүгіру, найза және диска лақтыру және ұзындықтан секіруде Алматы облысының өкілі Халсаалиев 2207 ұпай алып, «Колхозшы» қоғамының чемпионы атағына ие болды.

Кілемдегі ақырғы ұтасу, қазақша күрестен қоғамның чемпионын анықтады. Бұл күрметті атақты өздерінің салмақ категориялары бойынша жамбылдық Ізбасаров және Котиев, қарағандылық Сүлейменов және Әкімжанов, ақтөбелік палуан Местнов, семейлік Садуақасов, Бакиев (Алматы облысынан) және Прищепа (Шығыс Қазақстаннан) жеңіп алды. Қазақша күрестен командалық бірінші орынға Қарағанды спортшылары ие болды.

Жарысқа қатынасұшылар жүзуден ақырғы жарыстарын өткізді. 100 метрге үш аралас эстафета болды. Құрамында Бекболатова, Боброва және Акина бар Қызылорда облысының командасы жақсы нәтижемен, 6 минут 5 секунд уақытта келді. Бұл—рекордтық уақыт. Аралас эстафетада Павлодар облысының жүзгіштері Бегаев, Рақымов және Шалапов 4 минут 50 секунд уақытпен жеңіске жетті. Жүзгіштер командасының жүлдесі Павлодар облысының спортшыларына берілді.

«Колхозшы» спорт қоғамының волейбол бойынша чемпионы анықталды. Жауапты кездесуде Шығыс Қазақстанның ерлер командасы 3:1 есебімен Ақмола облысының волейболшыларын жеңіп шықты. Сөйтіп, өздерінің бірінші орынға шығуына мүмкіндік алды. Шіеленіскен қызу ойында Жамбыл облысының волейболшылары Алматы спортшыларымен үш кездесуінде өздерінің жеңістерімен аяқтады.

Спартакиаданың қорытындысы шығарылар қарсаңда Жамбыл облысының селолық физкультурашылары алда келеді.

(ҚазТАГ).

БІРТОП ШЕТЕЛ ТІЛШІЛЕРІНІҢ АЛМАТЫДА БОЛУЫ

1 сентябрьде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н.Д. Оңдасынов кәзір Алматыда жатқан халық демократия елдері мен шетелдердегі коммунистік газеттердің біртоп тілшілерін қабылдады. Қабылдауға: Қазақ ССР Сыртқы істер министрі Х.Б. Байғалиев, ССРО Сыртқы істер министрлігі баспасөз бөлімінің бірінші секретары Н.Н. Галичий және Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінің жауапты қызметкерлері қатысты.

Қонақтардың сұрауы бойынша Н.Д. Оңдасынов Қазақстанда өнеркәсіп, ауылшаруашылық және мәдени құрылыстардың өркендеуі жөнінде әңгіме айтты, көптеген сұрақтарға жауап берді. Қабылдау жылы және достық жағдайда өтті.

Шетел тілшілері № 12 қазақ орта мектебінде болып, оқу процестерін ұйымдастырумен танысты, мектеп директоры А. Айдарбеков пен және оқушылармен әңгімелесті. Қонақтар Қазақстан астанасының тарихи орындарымен танысты. 28 гвардияшылы Панфиловшылар атындағы паркте шетел тілшілері Алматыда Совет үкметін орнату жолында қаза тапқан ерлерге орнатылған ескерткіште болды.

Кешке шетел тілшілері қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында совет-румын достығына және Румынияны совет әскерлерінің азат етуінің оңжылдығына арналған салтанатты жыйналысқа қатынасты.

ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТОҒЫЗ ЖЫЛДЫҒЫ

ШАНХАЙ, 1 сентябрь. (СОТА). 2 сентябрьде Вьетнам Демократиялық Республикасының құрылғанына тоғыз жыл толады.

Быйылғы жылы Вьетнам халқы бұл мерекені тұңғыш рет бейбіт жағдайда өткізгелі отыр. Женева кеңесінде қол жеткен келісімдердің нәтижесінде Индо-Қытай елдерінде соғыс қыймылдары тоқта-тылды. Вьетнам халқы өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қару алып қорғаған елді қалпына келтіруге көшгі. Солтүстік Вьетнамның барлық халқы еңбек белсенділігіне, соғыстан болған зардаптарды тезірек жою талабына бөленген. Бұл істе кәзірдің өзінде-ақ бастапқы елеулі табыстарға қол жетті. Өнеркәсіп орындарында қалпына келтіру жұмыстары күшейтілді, көпірлер, жолдар, үйлер жөнделіп жатыр.

Женева келісімінің шарттары бойынша француз әскерлері әкетілетін елдің солтүстік бөлегінің қалалары мен аудандарында бірқалыпты тұрмыс қайтадан басталып келеді және бұларда қалпына келтіру жұмыстары жүргізіле бастады.

Вьетнам шаруалары қаһармандықпен еңбек етуде. Соғыс уақытының қыйын жағдайларының өзінде-ақ шаруалар, елді керекті азық-түліктің бәрімен қамтамасыз етуге ұмтылып, егіс көлемін кеңейтті, егін шығымдылығын арттырды. Вьетнам Демократиялық Республикасының ауыл

Францияның Ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 1 сентябрь. (СОТА). Ұлттық жыйналыстың кешегі мәжілісінде НРП партиясының парламенттік тобында, «тәуелсіз республикашылар арасында және социалистік партияда «европалық армияны» жақтаушылар интерпелляция (үкметке сұрақ қою) арқылы сыртқы саясат жөнінде жаңа жарыссөздер тудыруға тырысып бақты. «Республикашылар және әлеуметтік қыймылдың» тәуелсіз тобы дейтіннің мүшесі Аллеганың және тәуелсіз республикашылы Поль Рейноның жасаған интерпелляциясы осындай мақсат көздеді.

Кешегі мәжілістің өн бойында кәбінесе «европалық қорғаныс бірлестігін» жақтаушылар бірінен соң бірі парламенттік мінберге шығып сөз сөйлеумен болды. Министрлер советінің председателі Мендес-Фране интерпелляцияларды талқылауды үшінші ноябрьге қалдыруды ұсынды. Бірақ интерпелляциялардың авторлары және оларды қолдаушы депутаттар өздерінің айтқанынан қайтпады. Бұл топтардың өкілдерінің сөйлеген сөздерінің ортақ тезісі—«европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай қою, герман армиясының қайта тудырылуына, Францияның оқшау қалдырылуына және «одақтардың құлатылуына» апарып соғады-мыс деген тезіс болды.

Бонн ремилитерландыруды онан әрі жүргізуді талап етуде

БЕРЛИН, 2 сентябрь. (СОТА). Франция Ұлттық жыйнадысының «европалық армия» туралы договорды қабылдамай тастаған қарарынан кейін Боннда Батыс Германияны қаруландыруды қайткенде де жүзеге асыруға тырысатын топтардың әрекеті айтарлықтай күшейген.

Бұл мәселе туралы Бонн үкметінің мәжілісі екі күнге созылды. Мәжілеттен кейін жарияланған мазмұндамада Париждағы дауыс берудің қорытындысынан Боннын көшкілдер топтарының ешқандай сабақ алмағандығы айқын болып отыр. Олар бұрынғысынан Батыс Германияның қожалық жағдайындағы «европалық армияны» сақтауға тырысуда.

Бонн үкметі, деп атап көрсетілген мазмұндамада, өзінің сыртқы саясатындағы «бұрынғы бағытты жүзеге асыру» мақсатымен шын мәнісінде Германияның бөлшектенуін онан әрі тереңдетуге бағытталған бес пунктті жоспар жасап шығарған. Бұл жоспар сонымен бірге Францияға онан әрі қысым жасау және оны қорқытудың анық мысалы болып табылады. Бонн үкметі жоғарыда аталған жоспарда «европалық бірлестік саясатын онан әрі жүргізуді...» талап етуде. Олар «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекіткен немесе бекіту қарсаңына

Жарыссөзде сөйлеген депутат -коммунист Фазон интерпелляциялардың талқылануын кейінге қалдыруды жақтап сөйледі. «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың күйреуі Францияның бейбітшілігі мен тәуелсіздігі үшін үлкен жеңіс болып табылады, деді ол.

Премьер- министр Мендес-Фране Франция үкметінің сыртқы саясатының негізі «Атлантика одағына» берілгендік болып табылады деп қайталап айтты. Үкмет деді ол, өзінің қыймылдарын өз одақтастарымен «ынтымақтастыққа» және «Франция —Германия ымыраласушылығына» негіздеп отырады. Үкметтің басқа саясаты жоқ және болмайды да. Үкмет өзге қарар белгілеу үшін дереу келіссөз жүргізе бастайды, бірақ парламент мақұлдамайыпша ешқандай қарар қабылдамайды. Батыс Германия жөніндегі Бонн келісімдері парламенттің қарауына беріледі. Бұдан кейін соғыс мәселелерінің кезегі жетеді.

Бұдан кейін интерпелляцияларды 3 ноябрьге дейін кейін қалдыру туралы Мендес-Франстың ұсынысы дауысқа қойылды. 162 дауысқа қарсы 418 дауыс көпшілікпен бұл ұсыныс қабылданды.

Ұлттық жыйналыс 3 ноябрьге дейін каникулаға таратылды.

турған елдердің соғыс бірлестігі жөнінде онан әрі келіссөздер жүргізуі туралы «консультациялар» жүргізуді талап етуде. Сөйтіп, Бонн «европалық қорғаныс бірлестігі» түріндегі құрамында аз ел бар жаңа комбинация құруға ашықтан-ашық ұмтылып отыр.

Бонн үкметі онан әрі «суверенитетті қалпына келтіруді» талап етуде, Бонн билеушілері жоғарыда аталған жоспардың нұсқитінен көрініп отырғандай, «суверенитет» деп «федералдық республикада басқа елдер әскерлерінің болуын заңды түрде реттеуді» түсінеді. Осылайша, «суверенді Германияда» АҚШ-тың тек саяси және экономикалық қожалығы ғана емес, сонымен бірге америка әскерлерінің мұнда тұрақты болуы да қарастырылған. «Суверенитет» бонндық түсіну бойынша, АҚШ-тың бақылауымен ұстамды милитарландыруды жүзеге асыру және Германияны әскери оккупациялауды онан әрі жүргізу болып табылады.

ЛОНДОН, 2 сентябрь. (СОТА). Аденауэр үкметі ұсынып отырған Боннда жарияланған бес пунктті мазмұндаманы ағылшын газетінің шолушылары Батыс Германияны шекеіз қаруландыруды талап ету деп қарауда.

ЕГИПЕТТІҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ НАСЕРДІҢ АМЕРИКАН ЖУРНАЛЫНЫҢ ТІЛШІСІМЕН ӘНГІМЕСІ

НЬЮ- ЙОРК, 31 август. (СОТА). «Юнайтед стейтс ньюс энд уорлд рипорт»

Суэц каналы туралы келісімнің бұл ба-заны ағылшындар оккупациялауын қайта

«НЕМІС ХАЛҚЫ ГЕРМАН МИЛИТАРИЗМІНЕ ӨЗІНІҢ КҮРЕСІМЕН ӨЛТІРЕ СОҚҚЫ БЕРУГЕ ТИІС»

Германия коммунистік партиясының басқармасы секретариатының мәлімдемесі БЕРЛИН, 1 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Германия коммунистік партиясы басқармасының секретариаты Франция ұлттық жыйналысының «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекітпей қойғандығымен байланысты мынадай мәлімдеме жариялаған:

Францияның ұлттық жыйналысының «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекітпей қою Аденауэр үкметіне Европадағы америка дипломатиясы саясатының үлкен жеңілісі болып табылады. Бұл жеңіліс Аденауэрдің «европалық қорғаныс бірлестігін» құруға бағытталған саясаты Батыс Германияның барған сайын оқшау қалуына бастағандығын және Батыс Германияның саясатын өзгерту керек екендігін айқып көрсетті. Францияның ұлттық жыйналысының қарары «европалық қорғаныс бірлестігі» және герман милитаризміне қарсы француз халқының батыл күресінің нәтижесінде қабылданды. Бұл қарар — өзара түсінісу және бейбітшілік саясатының жеңісі, күш жұмсау және соғыс саясатының жеңілісі болып табылады.

«Европалық қорғаныс бірлестігін» құру саясатының осы жеңілісінен кейін герман милитаристері мен олардың америка қамқоршылары Батыс Германияны ремилитарландыруды өзге жолмен жүзеге асыруға бар күшін салады. Сондықтан Батыс Германияда милитаризмге қарсы батыл күрес жүргізу керек және соғыс өртіп тұтандырушылардың барлық жою-парлары жөнінде мейлінше қырағы болу керек. Неміс халқы өзінің күресімен герман милитаризміне өлтіре соққы беру-ге тиіс. Батыс Германияда халықтың тұрмыс мүдделерін ғана көздейтін саясат жүргізілуі керек, бұл саясат ұлттық бірлікті және тәуелсіздікті қалпына келтіруге, Батыс Германияның суверенитетіне жетуге және бейбітшілікті сақтауға бағытталуға тиіс. Сондықтан «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор күйрегеннен кейін, Батыс Германияны суверенитет орнату правосынан айырып талпын договорды күшіне кіргізуге тырысатын әрекеттердің бәріне қарсы күресу керек.

Аденауэрдің саясаты банкрот болғандығы кәзір қай уақыттағыдан болса да айқын болып отыр. Батыс Германия кәзір немістердің арасында өзара түсінісуді орнататын саясат жүргізетін және Герман Демократиялық Республикасымен келіссөз жүргізе бастауға әзір тұрған үкмет керек.

ССРО үкметінің нотасында баяндалған европалық хауіпсіздік системасын құру туралы ұсыныстарды негізге алатын төрт державаның келіссөздерін қайта бастау туралы Германияның социал-демократиялық партиясының председателі Олленхауэрдің талабын біз құттықтаймыз. Алайда, немістердің бұл іске өз үлесін қосуы керек. Бундестаг ГДР халық палатасының ұсыныстарын мақұлдап жауап беретін болуы керек. Германияның социал-демократиялық партиясының бас-

Село физкультурашыларының Бүкілқазақстандық спартакиадасы аяқталды

1 сентябрьде үшінші Бүкілқазақстан-1 білу, ұзындықтан секіру, гранатаны лақ-

дық село физкультурашылары спартакиадасының программасына кіретін қорытынды жарыстары болды. Солтүстік Қазақстанның жеңіл атлетшісі Солопов «Колхозшы» спорт қоғамының жаңа рекордын жасады. Бұл спортшы үш қайтара секіруде 12 метр 47 сантиметр көрсеткішке ие болды.

Судья коллегиясы жеңіл атлетшілер жарысының қорытындысын шығарды. Жамбыл облысының жүгірушілері, секірушілері және лақтырғыштары ауыспалы команда жүлдесін жеңіп алды.

Құлжа жолындағы велосипедшілер командасының жарысы қызықты болып өтті. Бұл жарыстың маңыздылығы сол, командалық есепке кіретін қатысушылардың бәрі бірдей оған жақсы әзірленген. Құрамында Диачковская, Хасанова және Пролова бар Жамбыл облыстық велосипедшілер коллективі жақсы әзірлігімен көзге түсті. Олар 20 километрлік қашықтықтан 38 минут 38 секундта келіп, жақсы көрсеткішке ие болды. Ерлер үшін 50 километрлік командалық жарыс шіеленіскен күрес жағдайында өтті. Көп уақытқа дейін семейліктер алда болды. Бірақ, финни лентасынан құрамында Беляков, Козаченко, Шевелев және Шагеновтер бар Солтүстік Қазақстанның командасы бірінші болып жанақты. Жеңімпаздардың уақыты 1 сағат 25 минут 25 секунд. Екінші орынды семейліктер командасынан тағы да озып кеткен Жамбыл облысының велосипедшілері алды.

Футболшылардың финалдық кездесулерінде «Колхозшы» спорт қоғамының чемпион командасы анықталды. Жамбыл облысының футболшылары Алматы облысының футболшыларымен кездесуді теңестіріп, бұл құрметті орынға ие болды. Екінші орын Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары футболшыларының кездесуінде анықталатын болды. Оңтүстікқазақстандықтар 5:0 есебімен алматылықтарды жеңді.

Спорттың көптеген бойынша жарысқа спортшылардың жан-жақты әзірленгендігі байқалды. Спорттың көптегін қатысу үшін әртүрлі қашықтыққа жақсы жүгіре

тару, жүзе білу керек. Спорттың көптегін қатысушылардың ішінде Солопов (Солтүстік Қазақстан) үздік шықты. Ол 256 ұнай алды. Борнев (Оңтүстік Қазақстан) пен Құралбаевтың (Жамбыл облысы) одан тек үш ұпайы ғана кем болды.

Екінші сентябрьде «Спартак» стадионында спартакиадаға қатысушылардың қорытынды парады болды. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт комитетінің Ауыспалы Қызыл туы үш рет ұдайымен бірінші жалпыкомандалық орынға ие болған Жамбыл облысының селолық физкультурашылар коллективіне тапсырылды. Бұрынғы спартакиадаларда бесінші орынға ерлікпен Солтүстік Қазақстан облысының спортшылары екінші дәрежелі диплом мен ауыспалы вымпел алды. Үшінші жүлдеге Оңтүстік Қазақстан облысының командасы ие болды.

Спартакиадада «Колхозшы» спорт қоғамының 14 рекорды жақсартылды. 65 село спортшысы разрядтық норма тапсырды.

Бірінші және екінші Бүкілқазақстандық спартакиадамен салыстырғанда село спортшылары бұл жолы өздерінің спорт шеберліктерін арттыра түскендігін көрсетті. Дегенмен, олардың дайындығында әлі де болса бірқатар кемшіліктер болды. Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облысының командалары асығыс құрылды. Олар іріктеліп алынып, дұрыс жаттығудан өтпеді. Жеңіл атлетика жарыстары бойынша дискболшылар, орта қашықтыққа жүгірушілер, биіктікке секірушілер төмен нәтиже көрсетті. Шығыс және Батыс Қазақстан облыстарының волейбол командалары да нашар әзірленген. Әсіресе, жүздіктердің көрсеткіштері тым төмен болды. Тек жүзу жарысына қатысушылардың бесеуі ғана разрядтық нормаларды орындады.

Спартакиаданың жеңушілері Львов қаласында болатын Бүкілқазақстан бірінші селолық спортшылар спартакиадасына қатысатын Қазақстанның күшті ауыл-селолық физкультурашыларының құрама командасының құрамына енгізілді.

солтүстік Вьетнамның бас провинцияларында жағзы күршінің егіс көлемі отаршылдық режим дәуіріндегімен салыстырғанда 1953 жылы 240 процент артты, ал егін шығымдылығы 250 процент артты. Басқа ауылшаруашылық дақылдарының да егіс көлемі ұлғайтылып, шығымдылығы арттырылды. Шаруалар қуаныштылыққа, су тасуына қарсы ойдағыдай күрес жүргізуде. Жерді жеке жыртудан өзара жәрдемдесу бригадалары болып жыртуда көшу ісі жүзеге асырылуда.

Мәдениет құрылысында үлкен табыстарға қол жетті. Өткен жылы аудандарда халық ағарту ісін күшейтуге барынша көңіл бөлінді. Азаттық алған аймақтарының 30 провинциясында 1954 жылдың бірінші жартысында 789.646 шаруа кешкі мектептерде оқыды. 412.295 шаруа қосымша білім алу мектептерінде оқыды. Солтүстік-батыс Вьетнамның аз ұлттар тұратын аудандарына көбірек көңіл бөлінді. 1954 жылдың бастапқы алты айының ішінде солтүстік-батыста 2455 мектеп, оның ішінде 760 кешкі мектеп ашылды.

ГДР-ДЫҢ ХАЛЫҚ ПАЛАТАСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ И. ДИКМАННЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 1 сентябрь. (СОТА). Берлиннің «Дер морген» газеті «европалық армия» туралы договорды Францияның ұлттық жыйналысының қабылдамай қойғандығының маңызы мен нәтижелері туралы Герман Демократиялық Республикасының халық палатасының председатели Иоганнес Дикманның тілшімен әңгімесін жариялады.

Дикман Францияның ұлттық жыйналысының қарары Европа мен бүкіл дүние жүзінің барлық бейбітшілік сүйгіш адамдарының еркін білдіретіндігін атап көрсетті: Францияда «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсылар, деді Дикман, француз халқының басым көпшілігі «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды біржола қабылдамай қояды ететіндігін анық біле отырып, үлкен жеңіске жетті.

Совет Одағы Европада коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор жасасу жайындағы ұсынысында «европалық қорғаныс бірлестігі» договорының екі жолын көрсетіп берді, деді бұдан соң Дикман. —«Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың есті болмағаннан кейін, екінші бірі деген бұл ұсыныс европалық саясатта негізгі орын алып отыр.

«Дер морген» газеті өкілінің «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың қабылданбай қойынан неміс халқы қандай қорытындылар шығаруға тиіс деген сұрағына жауап бере келіп, Дикман ұлттық жыйналыстың қарары бүкіл Германияның бейбітшілік сүйгіш және демократияшыл күштеріне біртұтас, тәуелсіз Германия жолындағы күресті бұрынғыдан да кең өрістетуге мүмкіндік береді, деп мәлімдеді.

журналының 3 сентябрьде шыққан бір көрсетілген номерінде Египеттің премьері Насердің журналдың тілшісімен әңгімесі басылып шықты.

Насер, оның айтуынша, «халықаралық коммунизмге» өте-өте дұшпандық көзқараста екенін атап көрсетті. Насердің байымдауынша, бұл араб елдеріне қатер тұрғызып отырған көрінеді-мыс.

Мұнымен қатар, Насердің әңгімесінде америка саясатының араб елдері халықтарының қарсылығына кездесіп отырғандығы мойындалады. Атап айтқанда, АҚШ-тың, Англияның және басқа елдердің қатынасуымен «орта шығыс қорғаныс ұйымы» деп аталатын соғыс блогын құру жөніндегі американ жоспарын орта шығыс халықтарының қабылдамай отырғанын Насер мойындады. «Мен бұл сыяқты жоспарлардың қандайын болса да қорғай алмаймын, деп мәлімдеді Насер, өйткені біздің халқымыз бұл сыяқты ұйымдарға қарсы шығып отыр. Біздің халқымыз мұндай ұйымды империалистік ұйым және отаршылдықты жасырын түрде көздейтін ұйым деп санайды».

Араб елдерін Түркия мен Пәкістан арасындағы одаққа қосуға оның осы сыяқты қарсылықтары бар ма, деген сұраққа Насер мұндай қарсылықтар бар, деп жауап қайтарды және Түркияның Солтүстік африкаға одағына кіріп отырғандығын атап көрсетті. Египет халқы

Батысберлин баспасөздері француз Ұлттық жыйналысының қарары туралы

БЕРЛИН, 31 август. (СОТА). «Телеграф» газеті былай деп жазады: «Ұлттық жыйналыстың ЕҚБ туралы договорды үзілді-кесілді қабылдамай тастауы Боннда сасқалақтаушылық және абыржушылық туғызған».

Бонндағы реакцияны айта келіп, газет былай деп атап көрсетеді: «Федералдық канцлер Аденауэр кеше француз ұлттық жыйналысындағы дауыс берудің қорытындысы туралы өз пікірін айтудан бас тартқан. Статс-секретарь Халыштейн мен елші Вланкенхорн француздардың договорды қабылдамауының қандайлықты әсері болатындығын талқылау үшін бүгін канцлерде болады».

Сонымен бірге Батысгермандық белгілі топтар «европалық қорғаныс бірлестігінің» сәтсіздікке ұшырауын Батысгерман армиясын қайта тудыру жоспарын ашықтан-ашық жүзеге асыру үшін, яғни бұ-

Олленхауэрдің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 31 август. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Боннан берген хабарына қарағанда, Германия социал-демократиялық партиясының лидері Олленхауэр Франция Ұлттық жыйналысының «европалық армия» туралы договорды қабылдамай тастағанын білгеннен кейін европалық хауіпсіздікпен Германияны біріктіру мәселелері жөнінде төрт державаның

бастауы жайындағы келіссөздеріне қатынамай деп мәлімдеді Насер.

Насер Иракты Түркия—Пәкістан соғыс блогына енгізу жоспарларын айыптады.

Орта шығыс елдеріне көрсетіліп отырған американ «жәрдеміне» тоқтай келіп, тілші Насерден АҚШ-тың Ливияда құрып жатқан авиабазалары сыяқты авиабазаларға көзқарасыңыз қандай деп сұрады. «Біз базаларға қарсымыз», — деді Насер және осымен байланысты, американ оккупациясына араб халықтарының дұшпандық көзбен қарайтындығын мойындады.

Египеттің АҚШ-тан «соғыс жәрдемі» алуы туралы келіссөзін жақтап, Насер алайда американ соғыс миссиясын қабылдауына қарсылық білдірді. «Халық: біз көп күш жұмсап ағылшын миссиясынан арылып едік, ал кәзір біздің үкіметіміз американ миссиясын әкеліп отыр: біздің еліміз америкаандардың үстемдігіне бағынатын болады», деп мәлімдеді ол.

Насер АҚШ-тың Қытай Халық Республикасы жөніндегі саясатын сынады. «Сіздердің еліңіз, — деді ол, — коммунистік Қытайдың өмір сүріп отырғандығы фактісін тануға тиіс». «Сіздер Формозадағы біртұтас адамдарды танысыздар, ал қызыл қытайдағы миллиондарды ешбір есепке алмайсыздар. Мұның өзі халықаралық анекдот тәрізді бірлеме».

Батысберлин баспасөздері француз Ұлттық жыйналысының қарары туралы

ган дейін «европалық армия» деген желеумен бүркеніп келген жоспарларды жүзеге асыру үшін пайдалануға тырысуда.

«Телеграф» газеті өз тарапынан «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор... Батыс Германияға «шек қойған еді» деген қорытындыға келіп былай деп мәлімдейді: «бұл жоспардың сәтсіздікке ұшырауы жақсы болды». «Дер тегешшигел» газеті «енді Германияның қыбылмайтын кезеңі келді» деп атап көрсетеді.

«Дер таг» газеті француз Ұлттық жыйналысының қарарына байланысты «саяси белсенділіктің жаңа актісі» жасалынуға тиіс деп есептейді.

Бұл сыяқты пікірлердің барлығы Францияның Батыс Германияның қарулануына келісім беруге мәжбүр етуге жасалып отырған қысымның жалғасы екендігіне шек келтіруге болмайды.

Олленхауэрдің мәлімдемесі

жаңа кеңесін жедел шақыру туралы пікір айтқан. «Европалық қорғаныс бірлестігі» өлді-деген ол, — онымен бірге ерекше осы бірлестікке негізделген батысгерман канцлері Аденауэрдің сыртқы саясаты да өлді. Договорға қол қойған барлық елдер енді Олленхауэр «нағыз европалық» деп аталған басқа саясатты жүргізуге тиіс.

қармасы Герман демократиялық Республикасымен келіссөздер жүргізе бастауға қолдан келгенін бәрін істеу керек.

Бундестаг өзінің ең таяуағы мәжілісінде Аденауэр саясатының күйреуіне қорытынды шығаруға және халық палатасының үндеуін қабыл алуы керек. Сондықтан жұрттың бәрі бундестагтың депутаттарынан осыны талап етулері керек, бұл талап делегациялардың хаттары, қарарлары және мәлімдемелері формасында баяндалуға тиіс. Батыс Германияда өзара түсінісу саясаты үстемдік құруға тиіс».

ИТАЛЬЯН ХАЛҚЫ ГЕРМАН МИЛИТАРИЗМІН ҚАЙТА ТУДЫРУҒА ҚАРСЫ

РИМ, 2 сентябрь. (СОТА). «Унита» газетінің хабар еткеніндей, кеше Римде сыртқы істер министрлігі үйінің алдында Француз парламентінің «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастауына байланысты жастар демонстрациясы болған. Жастар «Германияны қаруландыру жойылыс!» Біз бейбітшілікті қажет етеміз!» деген ұрандарды айғайлап айтқан.

Полициялықтар 20-ға жуық адамдарды тұтқындап, демонстрацияға қатысушыларды таратуға тырысқан. Демонстрацияға қатысушылардың қысымымен тұтқындалғандар босатылған.

Италияның бірқатар облыстарында Франция Ұлттық жыйналысының қарарына байланысты арнаулы халық конференциялары шақырылуда.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің 3 сентябрьдегі номерінің үшінші бетіндегі мәліметке жазылған түсініктің екінші абзацын «Полудень ауданының колхоздарында жағдайды өзгертуге, сөйтіп, егін жыйнау қарқынын күшейтуге күш-мүмкіншіліктің барлығы да бар еді. Алайда, аудан басшылары, аудандық партия комитетінің бірінші секретары» деп аржағын текст бойынша оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактордың орынбасары
Г. НҮРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ТАУ КӨЛІНІҢ ҚҰПЫЯСЫ»

сеанстар сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«КОТОВСКИЙ»

сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Өнер тапқыштардың колхоздық советтері

ЖУРАВЛЕВБА, (Ақмола облысы), (ҚазТАГ). Үлкен платформа тіркеген трактор Калинин ауданының «Знамя Советов» колхозының шабындық жерлеріне келді. Екі мая үйгіштің көмегімен платформаға 100 центнер пішен тиелді. Тракторшы платформаны фермаға жеткізді. Платформа мұнда пішенді өздігінен түсірді, мая ешбір бұзылған жоқ. Мая тасуға арналған өздігінен түсіргіш платформаны балташы Мельник пен ұста Быстрицкий жасады. Платформаның едені металл арқандардан жасалған. Пішенді түсіру үшін арнаулы тұтқа оны ашып жібереді. Өздігінен түсіргіш платформаны қолдану, пішенді фермаларға тасу жұмысын тездетіп, еңбек көп кететін бұл жұмысты мықтап жеңілдетті.

Ауданның көптеген колхоздарында

өнертапқыштардың советтері құрылған. Олар селолық рационализаторлар мен өнертапқыштардың жұмысына бағыт сілтеп, бұл жұмысты дамытып отырады. Маленков атындағы колхоздың рационализаторлары өнертапқыштар советінің көмегімен көптеген машиналар және тетіктер жасады. Балташы Петр Хижняк, оның ұлы Михаил және балташы Яков Федоренко өздігінен жүретін сортировкалық конструкциясын жасады. Мұндай сортировкалар кәзір колхоздың барлық қырмандарында жұмыс істейді. Селолық шеберлер сүйретпе, жаңбыр жаудыратын қондырғы жасады.

Калинин аудандық партия комитеті таяу уақытта село өнертапқыштарының техникалық конференциясын шақыруды ұйғарды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.